


А.Ж. ТУРЕНИЯЗОВА
Ж.А.ТУРЛЫБЕКОВА

ҚАЗАҚША-ОРЫСША
ОҚУ СӨЗДІГІ



B₁B₂
геңгей/ уровень

КАЗАХСКО-РУССКИЙ
УЧЕБНЫЙ СЛОВАРЬ

ҚАЗАҚША-ОРЫСША
ОҚУ СӨЗДІГІ

КАЗАХСКО-РУССКИЙ
УЧЕБНЫЙ СЛОВАРЬ

B₁B₂
геңгей/ уровень

Астана, 2025

УДК 80/81
ББК 81.2
Т81

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КЕАҚ әзірледі

Пікір жазғандар:

Ж.Жамашева, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, журналистика және қазақ тілі кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Г.Әмірова, «Самұрық-Энерго» АҚ Әкімшілік департаментінің бас сарапшысы, филология ғылымдарының кандидаты

Авторлар: А.Турениязова, Ж.Турлыбекова

Қазақша-орысша оқу сөздігі. Казахско-русский учебный словарь. – Астана, 2025. – 250 бет.

ISBN 978-601-7504-95-3

Бұл оқу сөздігі қазақ тілін өз бетінше үйренушілердің күнделікті өмірде жиі қолданатын орта және ортадан жоғары деңгейлердегі лексикалық минимумына негізделіп құрастырылды. Сөздік тіл үйренушінің қатысымдық құзыретін қалыптастыруды көздейді.

Оқу сөздігі оқытушыларға, әдіскерлерге және тіл үйренушілерге арналған.

Данный учебный словарь составлен на основе лексического минимума уровней средний и выше среднего, охватывающего наиболее употребительную лексику повседневного общения. Он предназначен для самостоятельного изучения казахского языка и направлен на развитие коммуникативной компетенции обучающихся.

Словарь рекомендуется к использованию преподавателями, методистами, а также всеми, кто изучает казахский язык.

© Қазақстан Республикасы Ғылым
және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті, 2025
© «Ш.Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ, 2025



Сөздіктің құрылымы мен мазмұны

Қазіргі таңда әлемдік тілдік кеңістікте қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, оны меңгеруге деген сұранысты қанағаттандыру – маңызды стратегиялық міндеттердің бірі. Бұл үрдіс тіл үйренушілердің қажеттілігіне сай нақты құралдарды, соның ішінде тиімді оқу сөздіктерін жасауды талап етеді. Осы тұрғыда ұсынылып отырған «Қазақша-орысша оқу сөздігі. Казахско-русский учебный словарь (B1, B2 деңгейлер/уровни)» – тілді меңгерудің орта және ортадан жоғары деңгейлеріндегі үйренушілерге арналған құнды оқу-әдістемелік құрал.

Сөздік жалпыға ортақ еуропалық тілдер жүйесінің (CEFR) B1 және B2 деңгейлеріне сәйкес әзірленген. Ол тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігін дамытып, сөйлеу әрекеттерін еркін жүзеге асыруына, көп мәдениетті кеңістікте тиімді қатынас орната білуіне, түрлі жағдаяттарда тілдік бірліктердің орынды қолдана алуына бағытталған. Сондай-ақ оқу, жұмыс және әлеуметтік ортада қазақ тілін еркін әрі сауатты қолдану қабілетін жетілдіру мақсаты көзделеді.

Сөздік қазіргі қазақ тілінің нормаларына, жиі қолданылатын лексикалық бірліктер мен олардың орыс тіліндегі баламаларына негізделіп құрастырылған. Сонымен қатар тілдік бірліктердің мағыналық аясын, қолданылу ерекшеліктерін нақты мысалдармен көрсету арқылы тіл үйренушінің ой еркіндігін, мәдениетаралық қатысым қабілетін арттыру көзделді.

Бұл оқу сөздігі – екі тілді салыстыра отырып меңгерту құралы ғана емес, сонымен бірге ұлттық дүниетаным мен прагматикалық ерекшеліктерді танытатын лингвомәдени көпір. Сол себепті бұл құрал – тіл үйренуші үшін әдістемелік тұрғыдан да, мәдени-танымдық жағынан да маңызды ресурс.

Сөздіктің құрылымы тіл үйрену үдерісін жүйелі ұйымдастыруға, сөз қорын мақсатты түрде кеңейтуге, лексикалық бірліктерді саналы түрде меңгеріп, нақты қарым-қатынас барысында еркін қолдануға бағытталған. Лексикалық бірліктер нақты тақырыптар бойынша топтастырылып, стильдік реңкі мен функционалды жүктемесі түрлі диалогтармен толықтырылған. Бұл тәсіл тіл үйренушінің сөз мағынасын жай жаттап алуын емес, оны қарым- қатынас барысында саналы және мақсатты түрде қолдана білуін қамтамасыз етеді.

Оқу сөздігінің мазмұны төмендегідей құрылыммен берілген:

1. B1–B2 деңгейінде өз ойын жеткізуге дағдыландыратын 24 лексикалық тақырып қамтылған. Кейбір сөздер жеке атау күйінде берілсе (мысалы, әлеуметтік жұмыс, заң, қаржы), кейбір сөздер семантикалық ұқсастығына қарай жақша ішінде топтастырылған:

Мысалы:

1. Ағайыным (бауырым, туысым)
2. Оқушы, студент



3. Мекеме, ұйым

4. Өнеркәсіп, кәсіпорын

2. Зат есімдердің түр-түсін, сапасын, жас ерекшеліктерін т.б. сипаттайтын сын есімдер ұсынылған:

Мысалы, **Ағайыным (туысым, бауырым)**

~ тату

~ еңбекқор

~ мәдениетті

~ адал

~ зейнеткер

~ сыпайы

~ қатал

~ беделді

3. Зат есімдер грамматикалық заңдылықтарға сай көптеліп, септеліп, тәуелденіп, жіктеліп қолданылады.

4. Септелген зат есімдермен тіркесетін етістіктер шақ формаларымен беріледі.

* **Ағайыныма (туысыма, бауырыма)** (жақшаның ішіндегі сөздер де тура осы құрылымға сай жасалады.

~ құрмет көрсету – құрмет көрсетті – құрмет көрсетеді

~ өз пікірін айту – өз пікірін айтты – өз пікірін айтады

~ қоңырау шалу – қоңырау шалды – қоңырау шалады

* **Ағайынымда (туысымда, бауырымда)**

~ қонақта болу – қонақта болды – қонақта болады

* **Ағайынымды (туысымды, бауырымды)**

~ жақсы көру – жақсы көрді – жақсы көреді

~ сыйлау – сыйлады – сыйлайды

~ құттықтау – құттықтады – құттықтайды

* **Ағайынымнан (туысымнан, бауырымнан)**

~ кеңес алу – кеңес алды – кеңес алады

~ қолдау сұрау – қолдау сұрады – қолдау сұрайды

~ көмек сұрау – көмек сұрады – көмек сұрайды

* **Ағайыныммен (туысыммен, бауырыммен)**

~ серуендеу – серуендеді – серуендейді

~ қыдыру – қыдырды – қыдырады

~ ақылдасу – ақылдасты – ақылдасады

5. Есімді және етістікті сөз тіркестері беріліп, тіркесу заңдылықтары



меңгеріледі. Мысалы: ағайын болу, бауырым туралы, кешке туысымның үйінде жиналу.

6. Лексикалық бірліктерді сөйлеу жағдаяттарында қолдануға мүмкіндік беретін сұхбаттар мен сөйлем үлгілері ұсынылған.

- 14 Наурыз – Көрісу күні, ағайындар мен бауырлар бір-бірімен құшақтаса амандасып, мерекемен құттықтап жатты.
- Сіз бауырларыңызбен жиі хабарласып тұрасыз ба?
- Иә, бауырларыммен жиі хабарласып тұрамын. Жақын адамдармен уақыт өткізу өте маңызды деп ойлаймын.
- Қандай тақырыпта әңгімелесесіздер?
- Әртүрлі тақырыпта сөйлесеміз. Әдетте отбасылық мәселелерді, болашақ жоспарларымызды және жаңалықтарды талқылаймыз.

Бұл сөздік арқылы тіл үйренуші күнделікті, ресми-іскерлік және мәдениетаралық қатынас аясындағы сөйлеу үлгілерін меңгереді. Сонымен қатар бұл оқу сөздігі – қазақ тілін ана тілі емес, екінші немесе шет тілі ретінде оқып-үйренушілер үшін, сондай-ақ педагогтер мен тіл мамандары үшін де әдістемелік және практикалық көмекші құрал бола алады.

Авторлар бұл еңбектің қазақ тілін үйренушілердің сенімді серігіне айналып, олардың тілдік құзыреттілігін дамытатын пайдалы құрал боларына сенім білдіреді.



Структура и содержание словаря

В современных условиях одним из приоритетных стратегических направлений в языковой политике является расширение сферы применения казахского языка и удовлетворение растущего интереса к его изучению. Этот процесс требует создания эффективных инструментов, в том числе учебных словарей, отвечающих потребностям изучающих язык.

В этом контексте предлагаемое издание – «Казахско-русский учебный словарь. Қазақша-орысша оқу сөздігі (уровни B1, B2)» – представляет собой ценный учебно-методический ресурс, ориентированный на изучающих казахский язык на среднем и выше среднего уровнях.

Словарь разработан в соответствии с уровнями B1 и B2 Общеввропейской системы уровней владения иностранным языком (CEFR). Его цель – развитие коммуникативной компетенции изучающего, формирование умений свободного владения языком и реализации речевой деятельности в различных ситуациях, эффективного взаимодействия в поликультурной среде, а также уместного использования функциональных языковых единиц. Основное внимание уделяется развитию способности грамотно и свободно использовать казахский язык в образовательной, профессиональной и социальной сферах.

Словарь основан на нормах современного казахского языка, частотной лексике и ее русскоязычных эквивалентах. Особое внимание уделено раскрытию значений и особенностей употребления языковых единиц через конкретные примеры, что способствует формированию языковой интуиции, свободе выражения мысли и развитию межкультурной коммуникации.

Представленный учебный словарь – это не просто инструмент для сопоставительного изучения казахского и русского языков, но и лингвокультурный мост, отражающий особенности национального мировоззрения и прагматического аспекта казахского языка. Он представляет ценность как с методической, так и с культурно-познавательной точки зрения.

Структура словаря обеспечивает системную организацию процесса изучения языка, способствует целенаправленному расширению словарного запаса, осознанному усвоению лексических единиц и их уверенной интеграции в речевую практику. Лексика структурирована по тематическим блокам, проиллюстрирована примерами контекстуального использования с учетом стилистических оттенков и функциональной нагрузки. Такой подход способствует не механическому запоминанию, а осмысленному и целенаправленному использованию слов в общении.

Содержание словаря организовано следующим образом:

1. Включено 24 тематических блока, соответствующих уровню B1–B2 и направленных на развитие навыков выражения мыслей. Часть слов представлена в виде самостоятельных номинаций (например, *әлеуметтік жұмыс* (социальная работа), *қаржы* (финансы)), другая часть сгруппирована по семантической близости в скобках:

Примеры:



1. Ағайыным (бауырым, туысым) – Родственник (брат, родня)
2. Оқушы, студент – Ученик, студент
3. Мекеме, ұйым – Учреждение, организация
4. Өнеркәсіп, кәсіпорын – Промышленность, предприятие

2. К существительным предлагаются прилагательные, описывающие их качество, цвет, возрастные и социальные характеристики:

Ағайыным (туысым, бауырым)

~ тату
~ еңбекқор
~ мәдениетті
~ адал
~ зейнеткер
~ сыпайы
~ қатал
~ беделді

Родня, родственник, братья и сёстры

~ дружный
~ трудолюбивый
~ культурный
~ честный
~ пенсионер
~ вежливый
~ строгий
~ авторитетный

3. Существительные приведены в различных грамматических формах: во множественном числе, в падежах, с притяжательными и личными окончаниями.

4. Глагольные словосочетания представлены в сочетании с существительными в соответствующих падежных формах и временных формах глаголов:

Ағайыныма (туысыма, бауырыма)

! жақшаның ішіндегі сөздер де тура осы құрылыммен жасалады.

Моему родственнику, моему брату/сестре

! Слова данные в скобках изменяются по данным конструкциям.

~ құрмет көрсету – құрмет көрсетті
– құрмет көрсетеді

~ оказать уважение – оказал уважение – оказывает уважение

~ өз пікірін айту – өз пікірін айтты
– өз пікірін айтады

~ выразить мнение – выразил мнение – выражает мнение

~ қоңырау шалу – қоңырау шалды
– қоңырау шалады

~ позвонить – позвонил – звонит

Ағайымды (туысым, бауырым)

~ жақсы көру – жақсы көрді – жақсы көреді

Моего родственника, моего брата и сестру

~ любить – любил – любит

~ сыйлау – сыйлады – сыйлайды

~ уважать – уважал – уважает

~ құттықтау – құттықтады
– құттықтайды

~ поздравить – поздравил – поздравляет



**Ағайынымнан (туысымнан,
бауырымнан)**

~ кеңес алу – кеңес алды – кеңес алады

~ қолдау сұрау – қолдау сұрады – қолдау сұрайды

~ көмек сұрау – көмек сұрады – көмек сұрайды

**Ағайыныммен (туысыммен,
бауырыммен)**

~ серуендеу – серуендеді – серуендейді

~ қыдыру – қыдырды – қыдырады

~ ақылдасу – ақылдасты – ақылдасады

От моего родственника, от моего брата/сестры

~ получить совет – получил совет – получает совет

~ попросить поддержки – попросил поддержку – просит поддержку

~ попросить помощи – попросил помощь – просит помощь

С моим родственником, с моим братом/сестрой

~ гулять – гулял – гуляет

~ прогуливаться – прогуливался – прогуливается

~ советовать – советовался – советуется

1. Приведены именные и глагольные словосочетания, позволяющие усвоить закономерности сочетаемости слов. Примеры: ағайын болу (быть родственником), бауырым туралы (о брате), кешке туысымның үйінде (вечером в доме родственника).

2. Для закрепления лексики в речевой практике предложены диалоги и образцы предложений:

– 14 Наурыз – Көрісу күні, ағайындар мен бауырлар бір-бірімен құшақтаса амандасып, мерекемен құттықтап жатты.

– Сіз бауырларыңызбен жиі хабарласып тұрасыз ба?

– Иә, бауырларыммен жиі хабарласып тұрамын. Жақын адамдармен уақыт өткізу өте маңызды деп ойлаймын.

– Қандай тақырыпта әңгімелесесіздер?

– Әртүрлі тақырыпта сөйлесеміз. Әдетте, отбасылық мәселелерді, болашақ жоспарларымызды және жаңалықтарды талқылаймыз.

– 14 марта – День Көрісу. В этот день родные и близкие обнимаются, тепло приветствуют друг друга и поздравляют с праздником.

– Вы часто общаетесь со своими братьями и сёстрами?

– Да, я часто с ними на связи. Думаю, проводить время с близкими – это очень важно.

– О чём вы обычно разговариваете?

– О разном. Обычно обсуждаем семейные вопросы, планы на будущее и новости, что происходит в нашей жизни.



Благодаря данному словарю изучающие смогут освоить речевые модели, используемые в повседневной, официально-деловой и межкультурной коммуникации. Кроме того, он является ценным методическим и практическим пособием как для изучающих казахский язык как второй или иностранный, так и для преподавателей и специалистов в области языкознания.

Авторы выражают уверенность, что настоящее издание станет надежным помощником для всех, кто изучает казахский язык, и будет способствовать углублению их языковой компетенции.

Авторы



А

Ағайыным (туысым, бауырым)

Родня, родственник, братья и сёстры

(-ым – тәуелдік жалғау/ притяжательные окончания)

~ тату	~ дружный
~ еңбекқор	~ трудолюбивый
~ мәдениетті	~ культурный
~ адал	~ честный
~ ақылды	~ умный
~ сыпайы	~ вежливый
~ қатал	~ строгий
~ беделді	~ авторитетный
~ абыройлы	~ почетный, уважаемый
~ ықпалды	~ influential

Ағайыныма (туысыма, бауырыма)

Моему родственнику, моему брату/сестре

(-а – барыс септік/ дательный падеж)

~ келу – келді – келеді	~ прийти – пришёл – придёт
~ бару – барды – барады	~ идти – пошёл – пойдёт
~ асығу – асықты – асығады	~ торопиться – торопился – поторопится
~ көрсету – көрсетті – көрсетеді	~ показать – показал – покажет
~ көмектесу – көмектесті – көмектеседі	~ помочь – помог – поможет
~ хабар беру – хабар берді – хабар береді	~ сообщить – сообщил – сообщает
~ қоңырау шалу – қоңырау шалды – қоңырау шалады	~ позвонить – позвонил – звонит
~ аман-есен жету – аман-есен жетті – аман-есен жетеді	~ добраться живым и здоровым – добрался живым и здоровым – добирается живым и здоровым



~ сыйлық беру – сыйлық берді –
сыйлық береді

~ ренжу – ренжіді – ренжиді

~ құрмет көрсету – құрмет көрсетті
– құрмет көрсетеді

~ хабарласу – хабарласты –
хабарласады

~ қолдау көрсету – қолдау көрсетті
– қолдау көрсетеді

~ кеңес беру – кеңес берді – кеңес
береді

~ қарыз беру – қарыз берді – қарыз
береді

~ өз пікірін айту – өз пікірін айтты
– өз пікірін айтады

~ дарить подарок – подарил
подарок – дарит подарок

~ обижаться – обиделся –
обижается

~ оказывать уважение – оказал
уважение – оказывает уважение

~ связаться – связался – свяжется

~ оказывать поддержку –
оказал поддержку – оказывает
поддержку

~ дать совет – дал совет – даёт
совет

~ давать в долг – дал в долг –
даёт в долг

~ выразить своё мнение
– высказал своё мнение –
выскажет своё мнение

**Ағайынымда (туысымда,
бауырымда)**

(-да – жатыс септік/ местный падеж)

~ қонақта болу – қонақта болды
– қонақта болады

~ қалу – қалды – қалады

**У моего родного (родственника),
у моего родственника, у моего
брата/сестры**

~ быть гостем – был гостем –
будет гостем

~ остаться – остался – останется

**Ағайынымды (туысымды,
бауырымды)**

(-ды – табыс септік/ винительный падеж)

~ құшақтау – құшақтады –
құшақтайды

~ сағыну – сағынды – сағынады

~ құттықтау – құттықтады –
құттықтайды

**Моего родственника, моего
брата/сестру**

~ обнять – обнял – обнимет

~ скучать – скучал – скучает

~ поздравить – поздравил –
поздравит



~ шақыру – шақырды – шақырады

~ қорғау – қорғады – қорғайды

~ еске алу – еске алды – еске алады

~ қонаққа шақыру – қонаққа шақырды – қонаққа шақырады

~ жақсы көру – жақсы көрді – жақсы көреді

~ ойлау – ойлады – ойлайды

~ пригласить – пригласил – пригласит

~ защищать – защитил – защищает/ оберегать – оберегал – оберегает

~ вспоминать – вспомнил – вспоминает

~ приглашать в гости – пригласил в гости – приглашает в гости

~ любить – любил – полюбит

~ думать – подумал – подумает

Ағайынымнан (туысымнан, бауырымнан)

(**-нан** – шығыс септік/ исходный падеж)

~ көмек сұрау – көмек сұрады – көмек сұрайды

~ кеңес алу – кеңес алды – кеңес алады

~ қолдау сұрау – қолдау сұрады – қолдау сұрайды

От моего родственника, от моего брата/сестры

~ просить помощь – попросил помощь – просит помощь

~ получить совет – получил совет – получит совет

~ просить поддержку – попросил поддержку – просит поддержку

Ағайыныммен (туысыммен, бауырыммен)

(**-мен** – көмектес септік/ творительный падеж)

~ сөйлесу – сөйлесті – сөйлеседі

~ кездесу – кездесті – кездеседі

~ уақыт өткізу – уақыт өткізді – уақыт өткізеді

~ қыдыру – қыдырды – қыдырады

~ пікір алмасу – пікір алмасты – пікір алмасады

С моим родственником, с моим братом/сестрой

~ разговаривать – разговаривал – разговаривает

~ встречаться – встретился – встречается

~ проводить время – провел время – проводит время

~ гулять – гулял – погуляет

~ обмениваться мнениями – обменялись мнениями – обмениваются мнениями



~ бірге болу – бірге болды – бірге болады

~ сөйлесіп тұру – сөйлесіп тұрды – сөйлесіп тұрады

~ келіспей қалу – келіспей қалды – келіспей қалады

~ кездейсоқ кездесіп қалу – кездейсоқ кездесіп қалды – кездейсоқ кездесіп қалады

~ бірге жұмыс істеуге кірісу – бірге жұмыс істеуге кірісті – бірге жұмыс істеуге кірісті

~ жиі хабарласу – жиі хабарласты – жиі хабарласады

~ сырласу – сырласты – сырласады

~ жұмыс істеу – жұмыс істеді – жұмыс істейді

~ ақылдасу – ақылдасты – ақылдасады

- ағайыныма көмек көрсету

- оның ағайыны

- біздің бауырымыз

- олардың туыстары

- ағайынымның үйі

- оның ағайынына бару

- сендердің туыстарыңның көпшілігі

- олардың ағайындарына хабарласу

- біздің бауырларымыздың бәрі

~ быть вместе – был вместе – будет вместе

~ общаться – общался – общается

~ не договориться – не договорился – не договорится

~ случайно встретиться – случайно встретился – случайно встретится

~ приступить к совместной работе / начать работать вместе – приступил к совместной работе / начал работать вместе – приступит к совместной работе / начнёт работать вместе

~ часто связываться – часто связывался – часто связывается

~ делиться секретами – поделился секретами – делится секретами / разговаривать по душам – разговаривал по душам – разговаривает по душам

~ работать – работал – работает

~ советоваться – советовался – посоветуется

- оказывать помощь моему родственнику

- его/её родственник

- наш брат/сестра

- их родственники

- дом моего родственника

- поехать к его/её родственнику

- большинство ваших родственников

- связаться с их родственниками

- все наши братья и сестры



- | | |
|------------------------------|--|
| - ағайын болу | - быть родственниками |
| - туысым туралы | - о моём родственнике |
| - бауырым сияқты | - как мой брат (или сестра) |
| - көршімнің бауыры | - брат (или сестра) моего соседа |
| - кеше бауырыммен бірге | - вчера с моим братом (или сестрой) |
| - кешке туысымның үйінде | - вечером у моего родственника |
| - екі ағайынды | - два брата (или родственника) |
| - бауырыммен бірге | - вместе с моим братом (или сестрой) |
| - бауырымның жанында | - рядом с моим братом (или сестрой) |
| - туысымның көршісі | - сосед моего родственника |
| - ағайынға хабар беру | - дать знать родственникам |
| - бауырыма көмектесу | - помогать моему брату/сестре |
| - туысыма қоңырау шалу | - позвонить моему родственнику |
| - бауырыма аман-есен жету | - благополучно добраться до моего брата/сестры |
| - ағайындарыма бару | - посетить моих родственников |
| - ағайындарға сыйлық беру | - подарить подарок родственникам |
| - бауырларыма жақындау | - приблизиться к моим братьям/сестрам |
| - бауырыма ренжу | - обидеться на моего брата/сестру |
| - туыстарымнан көмек сұрау | - попросить помощь у моих родственников |
| - ағайындарға құрмет көрсету | - оказывать уважение родственникам |
| - бауырыма хабарласу | - связаться с моим братом/сестрой |
| - туысыма қолдау көрсету | - оказать поддержку моему родственнику |
| - бауырыма кеңес беру | - дать совет моему брату/сестре |



- | | |
|-----------------------------------|--|
| - туысыма қарыз беру | - дать в долг моему родственнику |
| - бауырыма қарсы болу | - быть против моего брата/сестры |
| - ағайынға өз пікіріңді айту | - высказать своё мнение родственнику |
| - бауырымның үйінде қонақта болу | - быть в гостях у своего брата/сестры |
| - туысыммен жұмыс істеу | - работать с родственником |
| - бауырымның қасында уақыт өткізу | - проводить время у своего брата/сестры |
| - бауырымның үйінде қалу | - остаться у своего брата /сестры |
| - ағайындарды іздеу | - искать родственников |
| - туыстарымды құттықтау | - поздравлять своих родственников |
| - бауырларымды шақыру | - приглашать своих братьев и сестер |
| - туыстарымды көріп тұру | - видеться с родственниками |
| - бауырларымды қорғау | - защищать своих братьев и сестер |
| - туысымды түсіну | - понять родственника |
| - ағайынды еске алу | - вспоминать родственника |
| - ағайындарымды қонаққа шақыру | - приглашать родственников в гости |
| - бауырымнан көмек сұрау | - попросить помощи у своего брата/сестры |
| - бауырымнан кеңес алу | - получить совет от своего брата/сестры |
| - туысымнан қолдау сұрау | - попросить поддержки у своего родственника |
| - ағайындарымнан рұқсат алу | - получить разрешение от своих родственников |
| - бауырымнан жауап күту | - ожидать ответ от брата |
| - бауырымнан бірдеңе сұрау | - попросить что-то у брата |



- | | |
|--|---|
| - ағайындардан үйрену | - учиться у брата |
| - бауырымнан ақыл сұрау | - спрашивать совета у своего брата/сестры |
| - ағайыныммен сөйлесу | - разговаривать с моим родственником |
| - ағайыныммен кездесу | - встретиться с моим родственником |
| - туыстарыммен уақыт өткізу | - проводить время с моим родственниками |
| - бауырыммен бірге жұмыс істеу | - работать вместе с моим братом/сестрой |
| - бауырыммен бірге қыдыру | - гулять вместе с моим братом/сестрой |
| - ағайыныммен пікір алмасу | - обмениваться мнениями с моим родственником |
| - ағайыныммен бірге болу | - быть вместе с моим родственником |
| - туысыммен сөйлесу | - общаться с моим родственником |
| - ағайыныммен келіспей қалу | - не согласиться с моим родственником |
| - ағайыныммен кездейсоқ кездесіп қалу | - случайно встретиться с моим родственником |
| - ағайыныммен бірге жұмыс істеуге кірісу | - приступить к работе вместе с моим родственником |
| - ағайыныммен ойласып (ақылдасып) көру | - посоветоваться с моим родственником |
| - туысыммен жиі хабарласу | - часто связываться с моим родственником |
| - бауырыммен сырласу | - поделиться своими мыслями с братом/сестрой |
| - бауырыммен бірге бір нәрсе істеу | - сделать что-то вместе с братом/сестрой |
| - туысымнан кеңес алу | - получать совет от моего родственника |
| - туысыммен бірге уақыт өткізу | - проводить время вместе с моим родственником |



- Пікіріміз әртүрлі болғандықтан ағайыныммен келісімге келе алмадым.

- Мен бауырымды көшеде кездейсоқ кездестіріп қалдым және оны көргеніме қуандым.

- Ағайыныммен бірге бір жобаны іске асырудамыз.

- Ағайыныммен ақылдасып көру керек, олар менің шешімімді қолдайтын шығар.

- Мен туысыммен жиі хабарласамын, өйткені өйткені олар менің ең жақындарым.

- Бауырыммен сырласқанда көңіл көтеріледі, ол әрқашан мені түсінеді.

- Мен бауырларымды отбасылық кешкі асқа шақыруды жоспарлап отырмын.

- Мен туысымды жиі көріп тұрамын, ол менің ең жақын адамым.

- Мен бауырларымды қорғауға және қиын жағдайлардан шығуларына көмектесуге тырысамын.

- Мен туысымды түсінуге тырыстым, бірақ оның көзқарасы менікімен сәйкес келмейді.

- Мен туыстарымды қонаққа шақырдым.

- Мен бауырымнан кеңес алдым, оның ақыл-кеңесі әрқашан пайдалы.

- Мен туысымнан қолдау сұрадым, себебі ол мені жақсы түсінеді.

- Я не смог прийти к согласию с моим родственником, потому что мы имели разные мнения.

- Я случайно встретил своего брата на улице и был рад его видеть.

- Мы вместе с моим родственником реализуем один проект.

- Нужно посоветоваться с моим родственником, возможно, они поддержат моё решение.

- Я часто общаюсь с моим родственником, потому что они мои самые близкие люди.

- Поделиться своими мыслями с моим братом поднимают мне настроение, он всегда меня понимает.

- Я планирую пригласить своих братьев и сестер на семейный ужин.

- Я часто вижу с моим родственником, он мой самый близкий человек.

- Я стараюсь защитить своих братьев и сестер и помочь им выбраться из трудных ситуаций.

- Я пытался понять своего родственника, но его точка зрения не совпадает с моей.

- Я пригласил родственников в гости.

- Я получил совет от моего брата, его советы всегда полезны.

- Я попросил поддержки у своего родственника, так как он меня хорошо понимает.



- Мен ағайындарымның рұқсатын алып, біз ортақ шешім қабылдадық.

- Мен бауырымнан жауап күтіп отырмын, оның шешімі мен үшін маңызды.

- Ағайындарымның үйіне бүгін барайын деп отырмын, олармен бірге уақыт өткізу өте тамаша.

- Ағайындарыма сыйлық беруді ұйғардым.

- Мен бауырыма ренжіп қалдым, бірақ кейін оны түсініп, кешірдім.

- Мен туыстарыма көмек сұрау үшін хабарластым, олар әрқашан қолдау көрсетеді.

- Ағайынға құрмет көрсету – біздің отбасылық дәстүріміз.

- Бүгін ағайын-туыстарымды Наурыз мерекесімен құттықтап, қоңырау шалдым.

- Бауырларыма мерекеге орай сыйлықтар бердім.

- 14 Наурыз – Көрісу күні ағайын-бауырлар бір-бірімен құшақтасып амандасып, бірін-бірі мерекемен құттықтап жатты.

- Осындай мереке мен той күндері ағайын-бауырлармен бірге уақыт өткізген қандай тамаша!

- Я получил разрешение от моих родственников и мы пришли к общему решению.

- Я жду ответа от моего брата, его решение для меня важно.

- Я собираюсь сегодня поехать к своим родственникам, проводить с ними время – это замечательно.

- Я решил подарить подарки своим родственникам.

- Я обиделся на своего брата, но потом понял его и простил.

- Я обратился к своим родственникам за помощью, они всегда оказывают поддержку.

- Проявление уважения к родственникам – это наша семейная традиция.

- Сегодня я позвонил родственникам, чтобы поздравить их с праздником Наурыз.

- Я подарил подарки своим братьям/сестрам на праздник.

- 14 марта – день Көрісу родственники и братья обнимались, приветствовали друг друга и поздравляли с праздником.

- Проводить время такие праздничные и торжественные дни вместе с родственниками и близкими – это действительно замечательно!



- Қазақта «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп» немесе «Бір ауылда мың туысың болғанша, әр ауылда әр туысың болсын» деген дана сөздер бар ғой.

- Ағайын болып өмір сүру, бауыр-қарындастың қамын ойлау, туыстың жайына жанашырлық сезіммен қарау салтын ұмытпайық!

- Өмірде ағайын адамдар бір-бірімен тіл табыса алмай, ренжісіп, келіспей қалып жатады.

- Кейде бауырлар жиі кездесіп, сырласып, ақылдасып, бірге жұмыс бастап, көмек көрсетеді.

- Сендердің туыстарыңның көпшілігі Астанада тұрады екен ғой.

- Ауылда ағайындар аз қалды ма?

- Біздің бауырларымыз – бір-біріне өте бауырмал. Олар жиі хабарласып, үйлеріне қонаққа шақырып, кеңесіп, пікір алмасып, уақыттарын бірге өткізеді.

- Олар балалық шақтарын еске алып, уақыттарын көңілді өткізді.

- Бауырымнан көмек сұрадым, ол маған қолдау көрсетті.

- Мен туысыма кеңес беріп, өз пікірімді айттым.

- В казахском народе есть мудрые поговорки: «Братья ладят – многочисленны стада, невестки ладят – в изобилии еда» или «Лучше иметь одного родственника в каждом селе, чем тысячи родственников в одном селе».

- Жить как родня, заботиться о братьях и сестрах, с сочувствием относиться к делам родственников – давайте не забудем этот обычай!

- В жизни бывает, что родственники не могут найти общий язык, ссорятся и не соглашаются друг с другом.

Иногда братья часто встречаются, делятся друг с другом, советуются, начинают работать вместе и помогают друг другу.

- Ваши родственники, оказывается, в основном живут в Астане.

- В деревне осталось мало родственников?

- Наши братья и сёстры все очень дружелюбные. Они часто связываются, приглашают в гости, получают советы, обмениваются мнениями и проводят время вместе.

- Они вспоминали детство и весело проводили время.

- Я попросил помощи у брата, он меня поддержал.

- Я дал совет своему родственнику и высказал своё мнение.



- Ағайынға құрмет көрсетіп, олармен жиі кездесіп тұру керек.

- Сіз бауырларыңызбен жиі хабарласып тұрасыз ба?

- Иә, бауырларыммен жиі хабарласып тұрамын. Олармен уақыт өткізу мен үшін өте маңызды.

- Қандай тақырыпта әңгімелесесіздер?

- Әртүрлі тақырыпта сөйлесеміз. Әдетте отбасылық мәселелерді, болашақ жоспарларды және өміріміздегі жаңалықтарды талқылаймыз.

- Туысқандармен үнемі байланыста болу қиын емес пе?

- Кейде қиын соғып жатады, бірақ туыстарымның қолдауы маған қуаныш сыйлайды.

- Сіздер бір-біріңізге көмек көрсетесіздер ме?

- Әрине, біз бір-бірімізге көмектесіп тұрамыз. Бауырларым әрқашан бір-бірін қолдайды.

- Нужно уважать родственников, и часто встречаться с ними.

- Вы часто общаетесь с братьями?

- Да, я часто общаюсь с братьями. Проведение времени с ними очень важно для меня.

- На какие темы вы общаетесь?

- Мы обсуждаем разные темы. Обычно говорим о семейных вопросах, будущих планах и изменениях в нашей жизни.

- Не сложно ли поддерживать постоянный связь с родственниками?

- Иногда это бывает трудно, но поддержка моих родственников приносит мне радость.

- Вы помогаете друг другу?

- Конечно, мы всегда помогаем друг другу. Мы с братьями всегда поддерживаем друг друга.



Әә

Әлеуметтік жұмыс

~ қоғамдық қызметтер

~ психологиялық қолдау

~ тұрмыстық қолдау

~ білім беру және тренингтер

Социальная работа

~ общественные услуги

~ психологическая поддержка

~ бытовая поддержка

~ обучение и тренинги

Әлеуметтік жұмысқа

(-қа - барыс септік /дательный падеж)

К социальной работе



~ кірісу – кірісті – кіріседі

~ қолдау көрсету – қолдау
көрсетті – қолдау көрсетеді

~ бағыт беру – бағыт берді –
бағыт береді

~ приступитъ – приступил –
приступает

~ оказать поддержку – оказал
поддержку – оказывает
поддержку

~ направить – направил –
направляет

Әлеуметтік жұмысты

(**-ты** – табыс септік/винительный падеж)

~ атқару – атқарды – атқарады

~ дамыту – дамытты – дамытады

~ іске асыру – іске асырды – іске
асырады

~ қамтамасыз ету – қамтамасыз
етті – қамтамасыз етеді

~ жетілдіру – жетілдірді –
жетілдіреді

~ үйлестіру – үйлестірді –
үйлестіреді

~ бағалау – бағалады – бағалайды

~ қолдау – қолдады – қолдайды

Социальную работу

~ исполнять – исполнил –
исполняет

~ развивать – развил – развивает

~ осуществлять / реализовать
– осуществил / реализовал –
осуществляет / реализует

~ обеспечить – обеспечил –
обеспечивает

~ совершенствовать
– усовершенствовал –
усовершенствует

~ координировать –
скоординировал – координирует

~ оценивать – оценил – оценит

~ поддерживать – поддержал –
поддерживает

Әлеуметтік жұмыста

(**-та** – жатыс септік/ местный падеж)

– әлеуметтік жұмыста кездесетін
қиындықтар

– әлеуметтік жұмыстағы кәсіби
шеберлікті арттыру

– әлеуметтік жұмыстағы
жауапкершілік

В социальной работе

– трудности, возникающие
в социальной работе

– повышать профессиональное
мастерство в социальной работе

– ответственность в социальной
работе



Әлеуметтік жұмыспен

(**-пен** - көмектес септік/ творительный падеж)

- ~ айналысу – айналысты – айналысады
- әлеуметтік көмек көрсету
- әлеуметтік қорғау
- әлеуметтік жағдайды жақсарту
- әлеуметтік қолдау көрсету
- әлеуметтік қызмет көрсету орталығы
- әлеуметтік жұмысқа қатысу
- әлеуметтік жұмысты атқару
- әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру
- әлеуметтік жұмысты дамыту
- әлеуметтік жұмысты жетілдіру
- әлеуметтік жұмысты үйлестіру
- әлеуметтік жұмыспен айналысу
- әлеуметтік қызметпен шұғылдану
- әлеуметтік жұмыспен қамту
- әлеуметтік жұмысты іске асыру
- Әлеуметтік жұмыс әрбір адамның өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі.
- Әлеуметтік сала қызметкерлері халыққа көмек көрсетеді.

Социальной работой

- ~ заниматься – занимался/ занималась – занимается
- оказывать социальную помощь
- социальная защита
- улучшение социального положения
- оказывать социальную поддержку
- центр социального обслуживания
- участвовать в социальной работе
- выполнять социальную работу
- организовывать социальную работу
- развивать социальную работу
- совершенствовать социальную работу
- координировать социальную работу
- заниматься социальной работой
- заниматься социальной деятельностью
- социальная занятость
- осуществлять социальную работу
- Социальная работа помогает улучшить качество жизни каждого человека.
- Социальные работники предоставляют помощь населению.



- Мемлекет қиын жағдайға тап болған отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетеді.

- Әлеуметтік қорғау жүйесі халықтың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етеді.

- Үкімет әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін түрлі бағдарламалар әзірледі.

- Қоғамдық ұйымдар әлеуметтік қолдау көрсету бағытындағы жобаларды жүргізеді.

- Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы көп балалы отбасыларға көмек көрсетеді.

- Әлеуметтік жұмысқа қатысу қоғам игілігі үшін маңызды.

- Үкімет әлеуметтік жұмысқа қолдау көрсету үшін арнайы қаржы бөледі.

- Әлеуметтік жұмысқа бағыт беру жастарға болашақта дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

- Әлеуметтік жұмыс қоғамда тұрақтылық пен әділдікті қамтамасыз етеді.

- Әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру әр адамның қажеттіліктерін ескеруді қажет етеді.

- Әлеуметтік жұмысты бастау қоғам игілігі үшін маңызды қадам.

- Әлеуметтік жұмысты дамыту үшін жаңа әдістер мен тәсілдер қажет.

- Государство предоставляет социальную помощь семьям, оказавшимся в трудной ситуации.

- Система социального обеспечения обеспечивает благосостояние населения.

- Правительство разработало различные программы для улучшения социального положения.

- Общественные организации проводят проекты по предоставлению социальной поддержки.

- Центр социального обслуживания оказывает помощь многодетным семьям.

- Участие в социальной работе важно для блага общества.

- Правительство выделяет специальные средства для поддержки социальной работы.

- Ориентация на социальную работу помогает молодежи принимать правильные решения в будущем.

- Выполнение социальной работы обеспечивает стабильность и справедливость в обществе.

- Организация социальной работы требует учета потребностей каждого человека.

- Начало социальной работы является важным шагом для блага общества.

- Для развития социальной работы необходимы новые методы и подходы.



- Әлеуметтік жұмысты жүзеге асыру мақсатында түрлі бағдарламалар мен жобалар жүргізілуде.

- Әлеуметтік жұмысты қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстар бөлінуі тиіс.

- Әлеуметтік жұмысты жетілдіру қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады.

- Әлеуметтік жұмысты үйлестіру әртүрлі ұйымдардың бірлесіп жұмыс жасауын қажет етеді.

- Әлеуметтік жұмысты бағалау оның тиімділігін анықтауға көмектеседі.

- Әлеуметтік жұмысты қолдау әр адамға көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

- Әлеуметтік жұмыспен айналысу қоғам дамуына үлкен үлес қосады.

- Әлеуметтік қызметті жүзеге асыру адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

- Әлеуметтік жұмысты қамтамасыз ету бізге қоғамның осал топтарына көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

- Әлеуметтік жұмыспен қамту – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты.

- Қоғамдық жұмыстарды жүргізу кезінде әр азаматтың сұранысы ескеріледі.

- Әлеуметтік жұмыстағы міндеттердің бірі – қарт адамдарға әлеуметтік көмек көрсету.

- Для реализации социальной работы проводятся различные программы и проекты.

- Для обеспечения социальной работы должны быть выделены необходимые ресурсы.

- Совершенствование социальной работы играет важную роль в развитии общества.

- Координация социальной работы требует совместной работы различных организаций.

- Оценка социальной работы помогает определить ее эффективность.

- Поддержка социальной работы позволяет предоставлять помощь каждому человеку.

- Занятие социальной работой вносит значительный вклад в развитие общества.

- Осуществление социальной деятельности позволяет улучшить качество жизни людей.

- Обеспечение социальной работой позволяет оказывать помощь уязвимым группам в обществе.

- Занятость в социальной работе является важным направлением государственной политики.

- При проведении социальной работы учитываются потребности каждого гражданина.

- Одна из задач социальной работы – оказание социальной помощи пожилым людям.



- Әлеуметтік жұмыс жеке адамға бағытталған.

- Әлеуметтік жұмыс – қайырымды іс.

- Бүгінгі таңда әлеуметтік жұмыс бағытындағы қызмет көрсету сапасын жақсартуымыз керек.

- Мұқтаж адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуіміз тиіс.

- Ауылдық жерлерде адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсарту керек.

- Менің құрбым әлеуметтік жұмыспен айналысады.

- Жергілікті органдар әлеуметтік қызметпен шұғылдануды қолға алуы тиіс.

- Әлеуметтік қызметкерлерді жұмыспен қамтамасыз ете аламыз.

- Сіз әлеуметтік жұмысқа қалай келдіңіз?

- Мен әлеуметтік қызметкер болып жұмыс істеймін. Қоғамдағы қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсету – менің негізгі міндетім.

- Бұл жұмыс қиын емес пе?

- Қиын, бірақ өте маңызды. Әр адамның өмірін жақсартуға көмектесу – үлкен жауапкершілік.

- Қандай қызмет көрсетесіз?

- Социальная работа ориентирована на отдельного человека.

- Социальная работа – это благотворительная деятельность.

- На сегодняшний день нам необходимо улучшить качество обслуживания в социальной работе.

- Мы должны оказывать социальную помощь нуждающимся людям.

- В сельской местности необходимо улучшать социальное положение людей.

- Моя подруга занимается социальной работой.

- Местные органы должны взять на себя осуществление социальной работы.

- Мы можем обеспечить работой социальных работников.

- Вы как пришли к социальной работе?

- Я работаю социальным работником. Моя основная задача – помогать людям, оказавшимся в трудной ситуации.

- Эта работа не сложная?

- Трудная, но очень важная. Помощь в улучшении жизни людей – это большая ответственность.

- Какие услуги вы предоставляете?



- Мен психологиялық көмек, тұрмыстық қолдау және құқықтық кеңес беру қызметтерін ұсынамын. Сонымен қатар әлеуметтік бейімделу бағдарламаларын жүргіземін.

- Негізгі қиындық адамдарға сенім ұялату. Кейде олар өздерінің мәселелерін ашып айтудан қорқады. Бірақ сенімділікпен жұмыс істесеңіз, бәрі де оңайырақ болады.

- Бұл жұмыста көмек алу қиын ба?

- Жоқ, біз әрқашан қолдауға дайынбыз. Көмек сұраған адамға біз барынша қолдау көрсетуге тырысамыз.

- Өте жақсы! Істеріңізге сәттілік тілеймін.

- Әлеуметтік жұмыс туралы не білесіз?

- Әлеуметтік жұмыс – бұл адамдарға көмек көрсету және олардың өмір сапасын жақсартуға арналған кәсіби қызмет. Бұл жұмыста қиын жағдайға тап болған адамдарға қолдау көрсету маңызды.

- Әлеуметтік жүгінетін адамдар – көп балалы отбасылар, зейнеткерлер, мүгедектер, тұрмыстық зорлық-зомбылық көріп, қиын жағдайға тап болған адамдар.

- Әлеуметтік қызметкерлер қандай көмек түрлерін көрсетеді?

- Я предоставляю психологическую помощь, бытовую поддержку и юридические консультации. Также я провожу программы социальной адаптации.

- Основная трудность завоевать доверие людей. Иногда они боятся открыто рассказывать о своих проблемах. Но если работать с уверенностью, все становится проще.

- Сложно ли получить помощь в этой работе?

- Нет, мы всегда готовы помочь. Мы стараемся предоставить максимальную поддержку тем, кто просит о помощи.

- Очень хорошо! Желаю вам удачи в делах.

- Что вы знаете о социальной работе?

- Социальная работа – это профессиональная деятельность, направленная на помощь людям и улучшение их качества жизни. В этой работе важно поддерживать людей, оказавшихся в трудной ситуации.

- Обращающиеся за социальной помощью – это многодетные семьи, пенсионеры, инвалиды, а также люди, столкнувшиеся с бытовым насилием и оказавшиеся в трудной ситуации.

- Какие виды помощи оказывают социальные работники?



- Әлеуметтік қызметкерлер психологиялық көмек, тұрмыстық қолдау, құқықтық кеңес, азық-түлік немесе киім беру сияқты көмек түрлерін ұсынады. Сондай-ақ олар адамдарды әлеуметтік бағдарламаларға тартуға көмектеседі.

- Әлеуметтік қызметкерлерге қандай талаптар қойылады?

- Әлеуметтік қызметкер болу үшін адамдарға көмек көрсетуге деген ынта, шыдамдылық болуы әрі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу керек. Сонымен қатар әлеуметтік жұмысқа қатысты арнайы білімі мен тәжірибесінің болуы қажет.

- Әлеуметтік жұмыстың қандай пайдасы бар?

- Әлеуметтік жұмыс адамдарға өмірлік қиындықтарды жеңуге көмектеседі, олардың өмір сапасын жақсартады және қоғамдағы әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етеді. Бұл жұмыс адамдардың өзіне деген сенімділігін және қоғамға деген жауапкершілігін арттырады.

- Бұл жұмыс сізге қалай әсер етеді?

- Әлеуметтік жұмыстың мен үшін маңызы зор, себебі мен адамдарға көмек көрсетіп, олардың өмірін жақсартуға үлес қосамын. Сол үшін қуаныштымын.

Әскери қызметкер

~ адал

~ қатал

- Социальные работники предоставляют психологическую помощь, бытовую поддержку, юридические консультации, помогают с продуктами или одеждой. Также они помогают людям участвовать в социальных программах.

- Какие требования предъявляются к социальным работникам?

- Для того, чтобы стать социальным работником, нужно иметь желание помогать людям, терпение и умение правильно взаимодействовать с ними. Также необходимы специальные знания и опыт в социальной работе.

- Какую пользу приносит социальная работа?

- Социальная работа помогает людям преодолевать жизненные трудности, улучшать их качество жизни и обеспечивает социальную справедливость в обществе. Эта работа делает человека более уверенным и повышает ответственность перед обществом.

- Как эта работа влияет на вас?

- Социальная работа очень важна для меня, потому что я помогаю людям и вношу свой вклад в улучшение их жизни. Я рад этому.

Военнослужащий

~ честный

~ строгий



~ тәртіпті	~ дисциплинированный
~ денелі	~ крепкий
~ шыдамды	~ терпеливый
~ тез шешім қабылдайтын	~ оперативно принимающий решения
~ жауынгерлік даярлығы жақсы	~ с хорошей боевой подготовкой

Әскери қызметкерге

(**-ге** - барыс септік/ дательный падеж)

- ~ сұрақ қою – сұрақ қойды – сұрақ қояды
- ~ рұқсат беру – рұқсат берді – рұқсат береді
- ~ тапсырма беру – тапсырма берді – тапсырма береді
- ~ баға беру – баға берді – баға береді
- ~ стратегиялық жоспарды түсіндіру – стратегиялық жоспарды түсіндірді – стратегиялық жоспарды түсіндіреді
- ~ тактикалық маневрді орындауды бұйыру – тактикалық маневрді орындауды бұйырды – тактикалық маневрді орындауды бұйырады
- ~ жауапкершілік жүктеу – жауапкершілік жүктеді – жауапкершілік жүктейді

Военнослужащему

- ~ задать вопрос – задал вопрос – задаёт/задает вопрос
- ~ разрешить – разрешил – разрешает/разрешит
- ~ дать задание – дал задание – даёт/даст задание
- ~ оценивать – оценил – оценивает
- ~ объяснить стратегический план – объяснил стратегический план – объясняет/объяснит стратегический план
- ~ приказать выполнить тактический манёвр – приказал выполнить тактический манёвр – приказывает выполнить тактический манёвр
- ~ возложить ответственность – возложил ответственность – возлагает ответственность

Әскери қызметкерді

(**-ді** - табыс септік/винительный падеж)

- ~ шақыру – шақырды – шақырады
- ~ тексеру – тексерді – тексереді

Военнослужащего

- ~ пригласить – пригласил – приглашает
- ~ проверять – проверил – проверяет



~ дайындау – дайындады –
дайындайды

~ тағайындау – тағайындады –
тағайындайды

~ жауынгерлік операцияға тарту –
жауынгерлік операцияға тартты –
жауынгерлік операцияға тартады

~ арнайы миссияға жіберу
– арнайы миссияға жіберді –
арнайы миссияға жібереді

~ жоғары дәрежелі міндетке ұсыну
– жоғары дәрежелі міндетке
ұсынды – жоғары дәрежелі
міндетке ұсынады

~ қарсы барлау операциясына
тарту – қарсы барлау
операциясына тартты – қарсы
барлау операциясына тартады

~ жедел әрекет ету тобына қосу –
жедел әрекет ету тобына қосты –
жедел әрекет ету тобына қосады

~ құпия әскери жаттығуға
қатысуға шақыру – құпия әскери
жаттығуға қатысуға шақырды –
құпия әскери жаттығуға қатысуға
шақырады

~ стратегиялық нысанды
қорғауға жұмылдыру –
стратегиялық нысанды қорғауға
жұмылдырды – стратегиялық
нысанды қорғауға жұмылдырады

~ подготовить – подготовил –
подготовит

~ назначить – назначил –
назначает

~ привлечь к боевой операции
– привлёк к боевой операции –
привлекает к боевой операции

~ отправить на специальную
миссию – отправил на
специальную миссию –
отправляет на специальную
миссию

~ представить к высокому
назначению – представил к
высокому назначению –
представляет к высокому
назначению

~ привлечь к операции
контрразведки – привлёк
к операции контрразведки
– привлекает к операции
контрразведки

~ включить в группу
оперативного реагирования –
включил в группу оперативного
реагирования – включает
в группу оперативного
реагирования

~ пригласить принять участие
в секретных военных учениях
– пригласил принять участие
в секретных военных учениях
– приглашает принять участие
в секретных военных учениях

~ мобилизовать для охраны
стратегического объекта –
мобилизовал для охраны
стратегического объекта
– мобилизует для охраны
стратегического объекта



~ қауіпті аймақтағы тапсырманы орындауға міндеттеу – қауіпті аймақтағы тапсырманы орындауға міндеттеді – қауіпті аймақтағы тапсырманы орындауға міндеттейді

~ обязать выполнить задание в опасной зоне – обязал выполнить задание в опасной зоне – обязывает выполнить задание в опасной зоне

Әскери қызметкерден

От военнослужащего

(**-ден** - шығыс септік/ исходный падеж)

~ талап ету – талап етті – талап етеді

~ требовать – потребовал – требует

~ тәжірибе алу – тәжірибе алды – тәжірибе алады

~ получать опыт – получил опыт – получает опыт

~ тапсырма алу – тапсырма алды – тапсырма алады

~ получать задание – получил задание – получает задание

~ нұсқау алу – нұсқау алды – нұсқау алады

~ получать инструкцию – получил инструкцию – получает инструкцию

~ кеңес алу – кеңес алды – кеңес алады

~ получать совет – получил совет – получает совет

Әскери қызметкермен

С военнослужащим

(**-мен** - көмектес септік/ творительный падеж)

~ сөйлесу – сөйлесті – сөйлеседі

~ разговаривать – разговаривал – разговаривает

~ жұмыс істеу – жұмыс істеді – жұмыс істейді

~ работать – работал – работает

~ кездесу – кездесті – кездеседі

~ встречаться – встретился – встречается

- әскери күштер

- вооруженные силы

- әскери база

- военная база

- әскери міндетті

- военнообязанный

- әскери қызметші

- военнослужащий

- әскери келіссөздер

- военные переговоры



- | | |
|---|---|
| - әскери талап | - воинское требование |
| - әскери қызметке жарамды | - годен к военной службе |
| - борыш, парыз | - долг |
| - әскерді жұмылдыру | - мобилизация армии |
| - әскери қызмет | - военная служба |
| - әскери дайындық | - военная подготовка |
- Биоалуантүрліліктің жоғалуы экожүйелердің тепе-теңдігін бұзады.
- Көші-қон мәселелері халықаралық саясатта маңызды рөл атқарады.
- Климаттың өзгеруі ауыл шаруашылығына теріс әсер етіп, азық-түлік тапшылығын тудыруы мүмкін.
- Экологиялық мәселелерді шешу үшін халыққа тиісті ақпарат беру қажет.
- Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттер арасында диалог орнату маңызды.
- Денсаулық сақтау саласындағы реформалар халық денсаулығын жақсартуға бағытталуы тиіс.
- Кедейлік – миллиондаған адамның өмір сапасына әсер ететін жаһандық мәселелердің бірі.
- Терроризм әлемдік қауіпсіздікке үлкен қатер төндіреді және халықаралық ынтымақтастықты қажет етеді.
- Демографиялық өзгерістер елдің әлеуметтік және экономикалық дамуына тікелей әсер етеді.
- Су ресурстарын тиімді басқару – тұрақты даму үшін өте маңызды.
- Нехватка водных ресурсов негативно сказывается на сельском хозяйстве.
- Утрата биоразнообразия нарушает баланс экосистем.
- Проблемы миграции играют важную роль в международной политике.
- Изменение климата может негативно сказаться на сельском хозяйстве и вызвать нехватку продовольствия.
- Для решения экологических проблем необходимо информировать население.
- Для обеспечения международной безопасности важно установить диалог между государствами.
- Реформы в сфере здравоохранения должны быть направлены на улучшение здоровья населения.
- Бедность – одна из глобальных проблем, влияющих на качество жизни миллионов людей.
- Терроризм представляет серьёзную угрозу мировой безопасности и требует международного сотрудничества.
- Демографические изменения напрямую влияют на социальное и экономическое развитие страны.
- Эффективное управление водными ресурсами имеет большое значение для устойчивого развития.



- Жаһандық мәселелер туралы не ойлайсың?

- Меніңше, кедейлік – ең өзекті мәселелердің бірі. Ол миллиондаған адамның өмір сүру сапасына әсер етеді.

- Дұрыс айтасың. Сонымен қатар терроризм де әлемдік қауіпсіздікке үлкен қатер төндіреді.

- Иә, бұл мәселе халықаралық ынтымақтастықты қажет етеді. Ал адам құқықтары туралы не айтасың?

- Адам құқықтарын сақтау – әрбір мемлекеттің басты міндеті болуы керек деп ойлаймын.

- Келісемін. Сонымен қатар демографиялық өзгерістер де елдің болашағына әсер етеді.

- Бұл – өте өзекті мәселе. Ол дамушы елдердің жаһандық прогреске қол жеткізуіне кедергі келтіреді.

- Су ресурстарын басқару да маңызды. Су – өмір көзі ғой.

- Рас. Тағы бір маңызды мәселе – киберқауіпсіздік. Ақпараттық қоғамда бұл күннен-күнге өзекті болуда.

- Иә, пандемиялар мен жұқпалы аурулар да соңғы жылдары үлкен мәселеге айналды.

- Меніңше, ең өзектісі – экономикалық тұрақсыздық пен азық-түлік қауіпсіздігі. Соңғы жылдары бағаның өсуі халықтың өмір сүру сапасына кері әсерін тигізуде.

- Что ты думаешь о глобальных проблемах?

- Я думаю, что бедность – одна из самых актуальных проблем. Она влияет на качество жизни миллионов людей.

- Ты прав. Кроме того, терроризм тоже представляет большую угрозу мировой безопасности.

- Да, эта проблема требует международного сотрудничества. А что ты скажешь о правах человека?

- Я считаю, что соблюдение прав человека должно быть главной обязанностью каждого государства.

- Согласен. Также демографические изменения влияют на будущее страны.

- Это очень актуальная проблема. Она мешает развивающимся странам достигать глобального прогресса.

- Управление водными ресурсами тоже важно. Вода – источник жизни.

- Верно. Ещё одна важная проблема – кибербезопасность. В информационном обществе она становится всё более актуальной.

- Да, пандемии и инфекционные заболевания тоже стали большой проблемой в последние годы.

- На мой взгляд, самые важные – это экономическая нестабильность и продовольственная безопасность. Рост цен в последние годы негативно влияет на качество жизни людей.



- Сонымен қатар су ресурстарының тапшылығы мен су ресурстарын басқару мәселесі де ушығып барады. Кейбір елдерде ауыз су жетіспейді.

- Иә, бұл өте маңызды. Технологиялық даму мен киберқауіпсіздік те күн тәртібінен түспей тұр. Ақпараттық жүйелерге шабуылдар жиілеп кетті.

- Бұған қоса көші-қон мәселелері, адам құқықтары және демографиялық өзгерістер де күрделі сипатқа ие. Әсіресе соғыспен кедейліктен зардап көрген адамдар саны көбейіп келеді.

- Мен терроризм, энергетикалық дағдарыс және пандемиялар туралы да айтар едім. Бұл мәселелер жаһандық деңгейде бірлесе шешуді талап етеді.

- Расында, бұл – бүкіл әлемге ортақ мәселе. Әрбір мемлекет ғылыми және технологиялық теңсіздік мәселелерін шешуі керек.

- Сабақта жаһандық мәселелерді талқылағанда, менің назарымды ең алдымен биоалуантүрліліктің жоғалуы аударды. Табиғи тепе-теңдік бұзылып жатыр.

- Иә, жануарлар мен өсімдіктердің жойылып кетуі – қатты алаңдатарлық жағдай. Бірақ мен үшін ғылыми және технологиялық теңсіздік те маңызды мәселе. Кейбір елдер әлі күнге дейін интернетке қол жеткізе алмай отыр.

- Кроме того, проблема нехватки водных ресурсов и управления водными ресурсами становится всё острее. В некоторых странах не хватает питьевой воды.

- Да, это действительно важно. Технологическое развитие и кибербезопасность тоже остаются в центре внимания. Количество кибератак возросло.

- Также вопросы миграции, права человека и демографические изменения имеют сложный характер. Особенно увеличилось число людей, спасающихся от войны и бедности.

- Я бы также упомянул терроризм, энергетический кризис и пандемии. Эти проблемы требуют совместного решения на глобальном уровне.

- Действительно, это общие проблемы для всего мира. Каждое государство должно бороться и с такими явлениями, как научное и технологическое неравенство.

- Когда на занятии обсуждали глобальные проблемы, меня больше всего заинтересовала утрата биоразнообразия. Нарушается природный баланс.

- Да, исчезновение животных и растений – это очень тревожный сигнал. Но для меня важна и проблема научного и технологического неравенства. В некоторых странах до сих пор нет доступа к интернету.



- Бұл рас. Технология дамыған сайын, артта қалған елдер мен аймақтар одан әрі артта қалып жатыр. Ал сен кедейлік мәселесіне қалай қарайсың?

- Кедейлік – көптеген жаһандық мәселелердің негізі. Ол көші-қон, қылмыс және білім беру жүйесіндегі қиындықтарға әкеледі.

- Это правда. С развитием технологий отстающие страны всё больше отдаляются. А как ты относишься к проблеме бедности?

- Бедность – основа многих глобальных проблем. Она приводит к миграции, преступности и проблемам в системе образования.

Жасанды интеллект

- ~ Машиналық оқыту
- ~ Табиғи тілмен жұмыс істеу
- ~ Робототехника
- ~ Көру және тану жүйелері
- ~ Қабылдау және шешім қабылдау

Искусственный интеллект

- ~ Машинное обучение
- ~ Обработка естественного языка
- ~ Робототехника
- ~ Системы зрения и распознавания
- ~ Восприятие и принятие решений

Жасанды интеллектіге

(**-ге** - барыс септік/ *дательный падеж*)

- ~ ықпал ету – ықпал етті – ықпал етеді

К искусственному интеллекту

- ~ влиять – влиял – влияет

Жасанды интеллектіні

(**-ні** - табыс септік/ *винительный падеж*)

- ~ дамыту – дамытты – дамытады
- ~ қолдану – қолданды – қолданады
- ~ пайдалану – пайдаланды – пайдаланады
- ~ зерттеу – зерттеді – зерттейді

Искусственный интеллект

- ~ развивать – развивал – развивает
- ~ применять – применял – применяет
- ~ использовать – использовал – использует
- ~ исследовать – исследовал – исследует



Жасанды интеллектіден

(**-ден** - шығыс септік/*исходный падеж*)

- ~ үйрену – үйренді – үйренеді
- ~ көмек сұрау – көмек сұрады –
көмек сұрайды
- ~ пайда көру – пайда көрді –
пайда көреді
- ~ деректер алу – деректер алды –
деректер алады
- ~ идеялар алу – идеялар алды –
идеялар алады

От искусственного интеллекта

- ~ научиться – научился –
научится
- ~ попросить помощь – попросил
помощь – попросит помощь
- ~ получить выгоду – получил
выгоду – получит выгоду
- ~ получить данные – получил
данные – получит данные
- ~ получить идеи – получил идеи
– получит идеи

Жасанды интеллектімен

(**-мен** - көмектес септік/*творительный падеж*)

- ~ жұмыс істеу – жұмыс істеді –
жұмыс істейді
- ~ жобаларды жүзеге асыру –
жобаларды жүзеге асырды –
жобаларды жүзеге асырады
- жасанды интеллект туралы
- жасанды интеллектіге
байланысты
- заманауи жасанды интеллект
- дамыған жасанды интеллект
- жасанды интеллектінің атауы
- жасанды интеллектінің бірі
- алғашқы жасанды интеллект
- жасанды интеллект бағыттары

С искусственным интеллектом

- ~ работать – работал – работает
- ~ реализовать проекты –
реализовал проекты – реализует
проекты
- о искусственном интеллекте
- связанное с искусственным
интеллектом
- современный искусственный
интеллект
- развитый искусственный
интеллект
- название искусственного
интеллекта
- один из искусственных
интеллектов
- первый искусственный
интеллект
- направления искусственного
интеллекта



- | | |
|---|---|
| - жасанды интеллектінің негізі | - основа искусственного интеллекта |
| - жасанды интеллектілердің бірнеше түрлері | - несколько типов искусственных интеллектов |
| - жасанды интеллектінің мүмкіндіктері | - возможности искусственного интеллекта |
| - жасанды интеллект жүйелері | - системы искусственного интеллекта |
| - жасанды интеллектінің негізгі мақсаты | - основная цель искусственного интеллекта |
| - жасанды интеллект қолданады | - искусственные интеллекты используют |
| - жасанды интеллектіге жүгіну | - обратиться к искусственному интеллекту |
| - жасанды интеллектіден үйрену | - учиться у искусственного интеллекта |
| - жасанды интеллектіні қолдану | - использовать искусственный интеллект |
| - жасанды интеллектіден көмек сұрау | - просить помощь у искусственного интеллекта |
| - жасанды интеллектімен жұмыс істеу | - работать с искусственным интеллектом |
| - жасанды интеллектіге қарап үйрену | - учиться, наблюдая за искусственным интеллектом |
| - жасанды интеллектіні дамытуға қатысу | - участвовать в развитии искусственного интеллекта |
| - жасанды интеллект арқылы жаңалықтар жасау | - создавать инновации в искусственном интеллекте |
| - жасанды интеллектінің пайдасын көру | - извлекать пользу из искусственного интеллекта |
| - жасанды интеллектімен жұмыс істеуді үйрену | - учиться работать с искусственным интеллектом |
| - жасанды интеллектіден шешім қабылдауды күту | - ожидать принятия решений от искусственного интеллекта |
| - жасанды интеллектімен зерттеу жүргізу | - проводить исследования с искусственным интеллектом |



- жасанды интеллект көмектеседі
- жасанды интеллектіге негізделген жүйелер
- жасанды интеллектіні пайдалану
- жасанды интеллектіден деректер алу
- жасанды интеллект арқылы жобаларды жүзеге асыру
- жасанды интеллектіге ықпал ету
- жасанды интеллектіден жаңа идеялар алу
- жасанды интеллектіні зерттеу
- жасанды интеллектіге әсер ету
- жасанды интеллектіні қолдану арқылы тиімділікті арттыру
- жасанды интеллект жұмысымен таныстыру
- Жасанды интеллект туралы көп ақпарат бар.
- Жасанды интеллектіге байланысты көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілуде.
- Жасанды интеллект енгізілгеннен кейін көптеген салаларда айтарлықтай өзгеріс болды.
- Біз жасанды интеллектіні қолдану арқылы жаңа серіктестік қатынастар орнаттық.
- искусственные интеллекты помогают
- системы на основе искусственного интеллекта
- использование искусственного интеллекта
- получать данные от искусственного интеллекта
- реализовывать проекты с искусственным интеллектом
- влиять на искусственный интеллект
- получать новые идеи от искусственного интеллекта
- изучать искусственный интеллект
- воздействовать на искусственный интеллект
- повышать эффективность с помощью использования искусственного интеллекта
- знакомство с работой искусственного интеллекта
- Есть много информации о искусственном интеллекте.
- Проводится множество научных исследований, связанных с искусственным интеллектом.
- После внедрения искусственного интеллекта произошло значительное изменение в многих сферах.
- Мы установили новые партнерские отношения с использованием искусственного интеллекта.



- Жасанды интеллектімен байланыс орнату үшін біз арнайы интерфейс әзірледік.

- Қазіргі уақытта біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін зерттеудеміз.

- Заманауи жасанды интеллект деректерді талдай отырып, күрделі тапсырмаларды шешеді.

- Жасанды интеллект көптеген салада қолданылады.

- Жасанды интеллектінің бағыттары кеңейіп, жаңа мүмкіндіктер ашуда.

- Жасанды интеллектінің негізі математикалық модельдер мен алгоритмдерде жатыр.

- Жасанды интеллекттерінің бірнеше түрі бар.

- Мынау жасанды интеллект, ол өздігінен шешім қабылдай алады.

- Бүгінгі жасанды интеллект көптеген салаларда революция жасады.

- Жасанды интеллектінің мүмкіндіктері өте көп, олар бізге жаңа шешімдер ұсынады.

- Жасанды интеллект жүйелері көптеген кәсіпорындардың жұмысын жеңілдетеді.

- Жасанды интеллектінің негізгі мақсаты – адамға көмектесу және өмірді жеңілдету.

- Для установления связи с искусственным интеллектом мы разработали специальный интерфейс.

- В настоящее время мы изучаем возможности искусственного интеллекта.

- Современный искусственный интеллект решает сложные задачи, анализируя данные.

- Искусственный интеллект используется в различных областях.

- Направления искусственного интеллекта расширяются, открывая новые возможности.

- Основа искусственного интеллекта лежит в математических моделях и алгоритмах.

- Существует несколько типов искусственного интеллекта.

- Это искусственный интеллект, который может принимать решения самостоятельно.

- Современный искусственный интеллект произвел революцию в многих областях.

- Возможности искусственного интеллекта огромны, они предлагают нам новые решения.

- Системы искусственного интеллекта облегчают работу многих предприятий.

- Основная цель искусственного интеллекта – помогать людям и облегчать жизнь.



- Жасанды интеллект түрлі салаларда қолданылады. Мысалы, медицинада, қаржы және көлік саласында.
- Жасанды интеллектке жүгіну арқылы көп қиындықтарды шешуге болады.
- Жасанды интеллектіні дамыту болашақта көптеген мүмкіндіктерді ашады.
- Жасанды интеллектіден үйрену жаңа технологияларды игеруге мүмкіндік береді.
- Жасанды интеллектінің мүмкіндіктері мен қолдану салалары кеңейіп келеді.
- Жасанды интеллектімен байланыс көптеген үдерістерді автоматтандыруға мүмкіндік береді.
- Жасанды интеллектіге сену – технологияның болашағына сену деген сөз.
- Жасанды интеллектіні қолдану көптеген тапсырмаларды автоматты түрде орындауға мүмкіндік береді.
- Алайда оның дамуы да этикалық, құқықтық және әлеуметтік мәселелерді туындатуы мүмкін.
- Сондықтан жасанды интеллектіні пайдалану кезінде сақтық пен жауапкершілік қажет.
- Медицина - ауруларды диагностикалау және емдеу әдістерін ұсыну, генетикалық зерттеулер, науқастардың мәліметтерін талдау.
- Искусственный интеллект применяется в различных сферах, например: в медицине, финансах и транспортной отрасли.
- Обращение к искусственному интеллекту позволяет решать многие трудные задачи.
- Развитие искусственного интеллекта открывает множество возможностей в будущем.
- Изучение искусственного интеллекта позволяет освоить новые технологии.
- Возможности и области применения искусственного интеллекта продолжают расширяться.
- Связь с искусственным интеллектом позволяет автоматизировать многие процессы.
- Вера в искусственный интеллект – это вера в будущее технологий.
- Применение искусственного интеллекта позволяет автоматически выполнять множество задач.
- Однако его развитие может вызвать этические, правовые и социальные проблемы.
- Поэтому при использовании искусственного интеллекта необходимы осторожность и ответственность.
- Медицина - диагностика и предложение методов лечения заболеваний, генетические исследования, анализ данных пациентов.



- Бизнес - тұтынушыларға қызмет көрсету, нарықтық трендтерді талдау, тиімді шешімдер қабылдау.

- Көлік - автономды көліктер (өздігінен жүретін көліктер), жол қозғалысын басқару жүйелері.

- Құқық және қауіпсіздік
- құқық қорғау органдары үшін қылмыстық әрекеттерді болжау және талдау, қауіпсіздік камераларынан алынған бейнематериалдарды талдау.

- Қаржы - қаржылық нарықты болжау, инвестицияларды басқару, алаяқтықты анықтау.

- Табиғи тілмен жұмыс істеу - компьютерлердің адамдардың тілін түсінуі және қолдануы. Оған мәтіндерді түсіну, аудару, сөйлесу жүйелерін жасау, сұрақтарға жауап беру, мәтіндер жазу сияқты тапсырмалар кіреді.

- Робототехника жасанды интеллект робототидтар мен автоматтандырылған жүйелерді басқару үшін қолданылады. Роботтар нақты тапсырмаларды орындай алады. Мысалы, өндірісте немесе медицинада.

- Көру және тану жүйелері - компьютерлердің суреттерді, бейнелерді және басқа да визуалды деректерді түсінуі. Мысалы, бет-әлпетті тану, объектілерді автоматты түрде анықтау.

- Бизнес - обслуживание клиентов, прогнозирование продаж, анализ рыночных трендов, принятие эффективных решений.

- Транспорт - автономные транспортные средства (самоходные автомобили), системы управления дорожным движением.

- Право и безопасность - прогнозирование и анализ преступных действий для правоохранительных органов, анализ видеоматериалов с камер безопасности.

- Финансы - прогнозирование финансовых рынков, управление инвестициями, обнаружение мошенничества.

- Обработка естественного языка
- это способность компьютеров понимать и использовать человеческий язык. Это включает в себя такие задачи, как понимание текста, перевод, создание систем диалога, ответы на вопросы, написание текстов.

- Робототехника - искусственный интеллект используется для управления роботами и автоматизированными системами. Роботы могут выполнять конкретные задачи, например, в производстве или медицине.

- Системы зрения и распознавания - это способность компьютеров понимать изображения, видео и другие визуальные данные. Например, распознавание лиц, автоматическое определение объектов.



- Жасанды интеллектіге негізделген жүйелерді пайдаланудың қауіпсіздігі туралы не ойлайсың?

- Бұл жақсы сұрақ. Жасанды интеллектіні пайдалану кезінде деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету өте маңызды. Біз жасанды интеллектіні қолдану арқылы тиімділікті арттыра аламыз, бірақ оның дамуында этикалық мәселелер де болуы мүмкін.

- Меніңше, жасанды интеллектімен серіктестік жасау – дұрыс шешім. Бірақ оның дамуын бақылап, қажетті түзетулер енгізуіңіз керек.

- Дұрыс айтасың. Жасанды интеллектімен жұмыс істеу мүмкіндігі мен оны зерттеу бізге жаңа идеялар мен шешімдерді табуға көмектеседі.

- Иә, біз жасанды интеллектіге ықпал ету арқылы оның мүмкіндіктерін тиімді пайдалана аламыз. Бірақ оған толықтай сеніп, барлық шешімді оған қалдырмауымыз керек.

- Жасанды интеллектінің мүмкіндіктері күн сайын өсіп келеді. Қазір көптеген салаларда қолданылып жатыр. Мысалы, смарт-көмекшілер біздің күнделікті өмірімізді жеңілдетеді.

- Да, я тоже слышала. Но что ты думаешь о безопасности использования систем, основанных на искусственном интеллекте?

- Это хороший вопрос. При использовании искусственного интеллекта важно обеспечивать безопасность данных. Мы можем повысить эффективность с помощью использования искусственного интеллекта, но в его развитии могут возникнуть этические проблемы.

- Мне кажется, создание партнерства с искусственным интеллектом – это хорошее решение. Но нужно контролировать его развитие и вносить необходимые коррективы.

- Ты права. Возможность работать с искусственным интеллектом и его изучение помогают нам находить новые идеи и решения.

- Да, мы можем извлекать пользу из искусственного интеллекта, воздействуя на него. Но полностью доверять ему и оставлять все решения на него не стоит.

- Возможности искусственного интеллекта с каждым днем растут. Сейчас он используется во многих сферах. Например, такие системы, как умные ассистенты, облегчают нашу повседневную жизнь.



- Иә, мен де солай ойлаймын. Машиналық оқыту алгоритмдері де өте маңызды рөл атқарады. Олар деректерді талдап, болашаққа болжамдар жасау үшін пайдаланылады. Бұл – өте қуатты технология.

- Жасанды интеллект көмегімен қандай жобалар жасадыңыз?

- Жасанды интеллект арқылы жаңа инновациялық идеялармен таныстық. Ол бізге үлкен мүмкіндіктер туғызды.

- Біз арнайы интерфейс әзірледік, осы арқылы жүйемен байланыс орнаттық.

- Түсінікті. Ал қазіргі уақытта қандай жұмыстарды атқарып жатырсыздар?

- Қазіргі уақытта біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін зерттеу үстіндеміз. Бұл – өте маңызды үдеріс.

- Да, я так думаю. Также машинное обучение играет важную роль. Алгоритмы машинного обучения анализируют данные и используются для создания прогнозов на будущее. Эта технология очень мощная.

- Это замечательно! Какие новые идеи вы получили с помощью искусственного интеллекта?

- С помощью искусственного интеллекта мы получили новые инновационные идеи. Это открыло для нас огромные возможности.

- Мы разработали специальный интерфейс, через который мы установили связь с системой.

- Понятно. А над чем вы работаете сейчас?

- В настоящее время мы глубоко исследуем возможности искусственного интеллекта. Это очень важный процесс.

33

Заң

- ~ қолданыстағы
- ~ күші бар
- ~ бекітілген
- ~ көрсетілген
- ~ әділ
- ~ жаңа

Закон

- ~ действующий
- ~ имеющий силу
- ~ утвержденный
- ~ указанный
- ~ справедливый
- ~ новый



Заңға

Закону

(**-ға** - барыс септік/ *дательный падеж*)

~ бағыну – бағынды – бағынады

~ подчиняться – подчинился –
подчиняется

~ сәйкес болу – сәйкес болды –
сәйкес болады

~ соответствовать –
соответствовал – соответствует

~ бағынбау – бағынбады –
бағынбайды

~ не подчиняться – не
подчинился – не подчиняется

Заңды

Закон

(**-ды** - табыс септік/ *винительный падеж*)

~ сақтау – сақтады – сақтайды

~ соблюдать – соблюдал –
соблюдает

~ орындау – орындады –
орындайды

~ выполнять – выполнил –
выполняет

~ тіркеу – тіркеді – тіркейді

~ регистрировать –
зарегистрировал – регистрирует

Заңда

В законе

(**-да** - жатыс септік/ *местный падеж*)

~ қарастырылу – қарастырылды –
қарастырылады

~ рассматриваться
– рассматривался –
рассматривается

Заңнан

От закона

(**-нан** - шығыс септік/ *исходный падеж*)

~ алшақтау – алшақтады –
алшақтайды

~ отдаляться – отделился –
отдаляется

Заңмен

С законом

(**-мен** - көмектес септік/ *творительный падеж*)

~ келісу – келісті – келіседі

~ соглашаться – согласился –
соглашается

- Заңға сәйкес

- в соответствии с Законом,
согласно Закону



- | | |
|--------------------------------------|--|
| - Заң бойынша | - в соответствии с Законом, согласно Закону |
| - Заңды бұзу | - нарушить закон |
| - Заңда көрсетілген | - указанный в Законе |
| - Заңнан тыс | - вне закона |
| - Заң күшіне ие, заң күші бар | - имеющий силу закона |
| - Заңның күшіне енуі | - вступление в силу закона |
| - Заңға сәйкес болу | - соответствовать закону |
| - Заңға қарсы шығу | - идти против закона |
| - Заңда көрсетілген | - указано в Законе |
| - Заңда белгіленген | - установлено в Законе |
| - Заңнан алып тастау | - исключить из Закона |
| - Заңға өзгеріс енгізу | - внести изменения в закон |
| - Заңнан алшақтау | - отклоняться от Закона |
| - Заңнан мәлімет алу | - получить информацию из Закона |
| - Заңға қайшы әрекет | - действие противозаконное |
| - Заңсыз әрекет | - действие неправомерное |
| - Заңға сәйкес әрекет ету | - действовать в соответствии с законом |
| - Заңға бағынбау | - не подчиняться закону |
| - Заңға қайшы болу | - противоречить закону |
| - Заңда бекітілген нормаларды сақтау | - соблюдение установленных законом норм |
| - Заңмен қудаланатын әрекет | - действие, преследуемое по закону |
| - Заңға сәйкес орындалатын міндеттер | - обязательства, выполняемые согласно закону |
| - Заңға сәйкес шешім қабылдау | - принимать решение в соответствии с законом |
| - Заңды құқықтарды қорғау | - защищать законные права |
| - Заңды талаптарды орындау | - исполнять законные требования |



- | | |
|---|--|
| - Заңды негізде әрекет ету | - действовать на законных основаниях |
| - Заңды түрде тіркеу | - зарегистрировать законным образом |
| - Заңда көрсетілген ережелерді орындау | - исполнять правила, указанные в законе |
| - Заңда анықталған талаптарға сәйкес болу | - соответствовать требованиям, установленным в законе |
| - Заңда белгіленген мерзімде әрекет ету | - действовать в срок, установленный в законе |
| - Заңда жазылған жауапкершілікті орындау | - выполнять ответственность, прописанную в законе |
| - Заңда қарастырылған тетіктер бойынша жұмыс істеу | - работать по механизмам, предусмотренным в законе |
| - Заңнамада көзделген тәртіппен | - в порядке, предусмотренном законодательством |
| - қолданыстағы заңнамаға сәйкес | - в соответствии с действующим законодательством |
| - Заңды теріс пайдалану /Заңды теріс мақсатқа пайдалану/ | - злоупотребление Законом /использовать Закон в незаконных целях/ |
| - құзыретіне жатады | - входит в компетенцию |
| - қолданыстағы заңнама | - действующее законодательство |
| - қолданыстағы заңнамалық актілер | - действующие законодательные акты |
| - Бұл талаптар Заңда көрсетілген ережелерге сәйкес болуы керек. | - Эти требования должны соответствовать правилам, указанным в законе. |
| - Барлық азаматтардың алдында Заң күші бірдей болуы керек. | - Закон должен иметь равную силу для всех граждан. |
| - Бұл шешім заң күшіне енеді. | - Это решение приобретает силу закона. |
| - Жаңа Заңның күшіне енуі үшін Парламенттің мақұлдауы қажет. | - Для вступления нового закона в силу необходимо одобрение Парламента. |
| - Барлық іс-шаралар заңға сәйкес жүзеге асырылады. | - Все мероприятия осуществляются в соответствии с законом. |



- Заңның күшіне енуі ұзақ уақыт алады.

- Барлық әрекет заңға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

- Заңның бұзылуы айыппұл салуға әкеледі.

- Заңға қарсы шығу – қылмыс.

- Барлық ұйымдар заңды талаптарды орындауға міндетті.

- Заңның күшіне енуі үшін бірнеше рәсімнен өту қажет.

- Заңда көрсетілген талаптарды орындау қажет.

- Бұл өзгерістер заңнан алынып тасталуы мүмкін.

- Заңға сәйкес әрекет ету үшін біз барлық қажетті шараларды қабылдаймыз.

- Олар заңға қайшы әрекет етті, бірақ бұл әлі де тексерілуде.

- Қорғаушы заңды жолмен сотқа шағымданды.

- Заңды талаптар орындалмаған жағдайда, жазалау шаралары қолданылады.

- Барлық тараптар заңды түрде келісімге келді.

- Заңда көзделген барлық құқықтар мен міндеттер толық баяндалған.

- Заңда белгіленген ережелерді орындау өте маңызды.

- Вступление закона в силу занимает много времени.

- Все действия должны осуществляться в соответствии с законом.

- Нарушение закона приведет к штрафу.

- Нарушение закона считается преступлением.

- Все организации обязаны выполнять Законные требования.

- Для вступления Закона в силу необходимо пройти несколько процедур.

- Нужно выполнить требования, указанные в законе.

- Эти изменения могут быть исключены из закона.

- Для того чтобы действовать в соответствии с законом, мы примем все необходимые меры.

- Они действовали вразрез с законом, но это все еще проверяется.

- Защитник подал жалобу в суд законным путем.

- В случае невыполнения законных требований, применяются меры наказания.

- Все стороны пришли к соглашению на законных основаниях.

- Все права и обязанности, предусмотренные в законе, полностью изложены.

- Очень важно соблюдать правила, установленные в законе.



- Бұл мәселе заңда нақты қарастырылған, сондықтан қосымша түсініктемелер қажет емес.

- Заңнан бірқатар тармақтарды алып тастауды ұсындық.

- Заңға енгізілген кез келген өзгеріс пен толықтыру тексерілуі тиіс.

- Заңда бекітілген нормаларды сақтау маңызды, себебі бұл қоғам үшін тиімді.

- Заңда тыйым салынған әрекеттерді жасау қатаң түрде жазаланады.

- Жұмыс орнымызда жаңа ережелер енгіздік. Заңдағы бұл өзгерістер біздің жұмысымызға қалай әсер етеді?

- Бұл өзгерістер жұмыс орнындағы қауіпсіздік стандарттарын жақсартуға бағытталған. Заңға сәйкес барлық қызметкерлер осы талаптарға сәйкес жұмыс істеуі керек.

- Бұл талаптар біздің жұмысымызды қалай жақсартады?

- Олар жұмыс орнындағы қауіпсіздікті арттырады және қызметкерлердің денсаулығына әсер ететін жағдайларды болдырмауға көмектеседі.

- Заң бұзсақ, қандай жауапкершілікке тартылуымыз мүмкін?

- Егер заң бұзсақ, айыппұлдар төлеуіміз мүмкін.

- Этот вопрос чётко предусмотрен в законе, поэтому дополнительные разъяснения не требуются.

- Мы предложили исключить из закона ряд пунктов.

- Любые изменения и дополнения в закон должны быть проверены.

- Важно соблюдать установленные законом нормы, так как это выгодно для общества.

- Совершение действий, запрещенных законом, строго наказывается.

- Мы внедрили новые правила на рабочем месте. Как эти изменения в законе повлияют на нашу работу?

- Эти изменения направлены на улучшение стандартов безопасности на рабочем месте. Согласно закону, все сотрудники должны работать в соответствии с этими требованиями.

- Как эти требования улучшат нашу работу?

- Они улучшат безопасность на рабочем месте и помогут избежать условий, которые могут повлиять на здоровье сотрудников. Закон поддерживает это.

- То есть, если мы нарушим закон, какую ответственность можем понести?

- Если мы нарушим закон, могут быть штрафы и другие наказания.



- Ия, мен түсіндім. Біздің міндетіміз – заңды орындау және барлық талаптарды сақтау.

- Понятно, я понял. Наша задача – соблюдать закон и выполнять все требования.

Ққ

Қаржы

- ~ жеке қаржы
- ~ мемлекеттік қаржы
- ~ қаржылық активтер
- ~ бюджеттік қаржы
- ~ инвестициялық қаржы
- ~ несие қаржысы

Финансы

- ~ личные финансы
- ~ государственные финансы
- ~ финансовые активы
- ~ бюджетные финансы
- ~ инвестиционные финансы
- ~ кредитные финансы

Қаржыны

(-ны - табыс септік/ винительный падеж)

- ~ басқару – басқарды – басқарады
- ~ бөлу – бөлді – бөледі
- ~ тиімді пайдалану – тиімді пайдаланды – тиімді пайдаланады
- ~ үнемдеу – үнемдеді – үнемдейді
- ~ тексеру – тексерді – тексереді
- ~ жоспарлау – жоспарлады – жоспарлайды
- ~ бақылау – бақылады – бақылайды
- ~ есепке алу – есепке алды – есепке алады

Финансы

- ~ управлять – управлял – управляет
- ~ разделить – разделил – разделяет
- ~ эффективно использовать – эффективно использовал – эффективно использует
- ~ экономить – сэкономил – экономит
- ~ проверить – проверил – проверяет
- ~ планировать – спланировал – планирует
- ~ контролировать – контролировал контролирует
- ~ взятие на учёт – взял на учёт – возьмёт на учёт



Қаржыдан

(**-дан** - шығыс септік/ *исходный падеж*)

~ айырылу – айырылды –
айырылады

~ бас тарту – бас тартты – бас
тартады

Из финансов

~ потерять – потерял – потеряет

~ отказаться – отказался –
отказывается

Қаржымен

(**-мен** - көмектес септік/ *творительный падеж*)

~ қамтамасыз ету – қамтамасыз
етті – қамтамасыз етеді

~ қолдау көрсету – қолдау
көрсетті – қолдау көрсетеді

~ көмек көрсету – көмек көрсетті
– көмек көрсетеді

– қаржы туралы

– қаржының түрлері

– қаржы бөлігі

– қаржыға байланысты

– барлық қаржы

– қаржының пайдасы

– қаржы нарығы

– кәсіпорын қаржысы

– қаржыландыру

– көрсетілген қаржы қызметі

– қайырымдылық қоры

– төлем қабілеттілігі

– төлем деректемелері

– төлем құжаты

– қаржыға инвестиция салу

– қаржыны басқару

С финансами

~ обеспечить – обеспечил –
обеспечивает

~ оказать поддержку – оказал
поддержку – оказывает
поддержку

~ оказать помощь – оказал
помощь – оказывает помощь

– о финансах

– виды финансов

– часть финансов

– связано с финансами

– все финансы

– польза финансов

– финансовый рынок

– финансы предприятия

– финансирование

– финансовые услуги

– фонд благотворительный

– платежеспособность

– платежные реквизиты

– платежный документ

– инвестировать в финансы

– управление финансами



- | | |
|-------------------------------------|---------------------------------------|
| - қаржылық қиындықтар бар | - есть финансовые трудности |
| - қаржылық тапшылық | - финансовый дефицит |
| - қаржыға сұраныс артты | - спрос на финансы вырос |
| - қаржылық басқару | - управлять финансами |
| - қаржыны бөлу | - разделить деньги |
| - қаржыны тиімді пайдалану | - эффективное использование финансов |
| - қаржыны үнемдеу | - экономия финансов |
| - қаржылық тапшылықтың болуы | - наличие финансового дефицита |
| - қаржылық өзгерістер болу | - изменения в финансовой сфере |
| - қаржылық тұрақтылықты сақтау | - сохранить стабильность в финансах |
| - қаржылық өсім байқалады | - наблюдается рост в финансах |
| - қаржымен көмек көрсету | - оказать финансовую помощь |
| - қаржыға қол жеткізу | - доступ к финансам |
| - қаржыны жұмсау | - тратить финансы |
| - қаржы саласында жұмыс істеу | - работать в финансовой сфере |
| - қаржыдан бас тарту | - отказаться от финансов |
| - қаржылық қолдау табу | - найти финансовую поддержку |
| - қаржыдан түсетін пайданы ұлғайту | - увеличение прибыли от финансов |
| - ақшаны есепке алу | - учет финансов |
| - қаржыны бақылау | - контроль за финансами |
| - қаржыны жоспарлау | - планировать финансы |
| - қаржыны тексеру | - проверить финансы |
| - қаржыға сыртқы факторлардың әсері | - влияние внешних факторов на финансы |
| - қаржыны әртараптандыру | - диверсифицировать финансы |
| - қаржыны оңтайландыру | - оптимизировать финансы |
| - қаржыны шоғырландыру | - концентрировать финансы |



- | | |
|---|---|
| - қаржылық қолайсыздыққа ұшырау | - подвергнуться неблагоприятным условиям в финансах |
| - қаржылық құнсыздану әсерін азайту | - снизить влияние обесценивания на финансы |
| - қаржылық тиімділікті жоғалту | - потерять эффективность в финансах |
| - қаржылық активтерді жою | - ликвидировать активы в финансах |
| - қаржыға байланысты шешім қабылдау | - принимать решение, связанное с финансами |
| - қаржыны тиімді пайдалану | - эффективно использовать финансы |
| - қаржыны ұзақ мерзімге жоспарлау | - планировать финансы на долгосрочную перспективу |
| - қаржыдан бас тартуға мәжбүр болу | - быть вынужденным отказаться от финансов |
| - қаржылай қиындықты жеңу | - преодолевать трудности с помощью финансов |
| - Қаржыны дұрыс басқару керек. | - Нужно правильно управлять финансами. |
| - Ол ақша жинап, үй алды. | - Он накопил деньги и купил дом. |
| - Қаржы тапшылығы бизнесті тоқтатты. | - Нехватка финансов остановила бизнес. |
| - Қаражат салу арқылы табыс табуға болады. | - Можно получить доход за счёт вложения средств. |
| - Қаржы саласындағы инфляциялық қысымның артуы кәсіпорындардың шығындарын арттырады. | - Увеличение инфляционного давления в финансах увеличивает затраты предприятий. |
| - Қаржы саласында несие төлем қабілеттілігінің төмендеуі көптеген компанияларға әсер етеді. | - Снижение кредитоспособности в финансах оказывает влияние на многие компании. |



- Компания қаржылық қиындықтарға тап болған кезде оларды түзеу үшін қосымша шаралар қабылдауы керек.

- Қаржы тиімділігін жоғалту компания тұрақтылығына кері әсер етеді.

- Қаржы активтерін бағалау мен құрылымдау инвестициялық шешімдер қабылдауда шешуші рөл атқарады.

- Қаржыны тиімді пайдалану компанияның өсіп-өркендеуіне ықпал етеді.

- Қаржыдан түсетін пайданы көбейту үшін тиімді инвестициялар жасау қажет.

- Қаржы тапшылығының болмауы компанияның тұрақтылығы мен дамуына мүмкіндік береді.

- Қаржыдағы өзгерістер компанияның жоспарын қайта қарауға мәжбүр етеді.

- Қаржы тәуекелдерін бағалау кәсіпорынның тұрақтылығы үшін маңызды.

- Халықаралық қаржы институты экономиканы дамытуға ықпал етеді.

- Қаржыны тиімді пайдалану ресурстарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

- Қаржылық дағдарыс кезінде стратегиялық шешімдер қабылдау қиынға соғады.

- Қаржы – экономиканың негізгі элементі.

- Когда компания попадает в финансовые трудности, необходимо принять дополнительные меры для их устранения.

- Потеря финансовой эффективности отрицательно сказывается на стабильности компании.

- Оценка и структурирование финансовых активов играют решающую роль в принятии инвестиционных решений.

- Эффективное использование финансов способствует росту и процветанию компании.

- Для увеличения прибыли в финансах необходимо сделать эффективные инвестиции.

- Отсутствие дефицита в финансах дает возможность для стабильности и развития компании.

- Изменения в финансах заставляют пересмотреть план компании.

- Оценка финансовых рисков важна для устойчивости предприятия.

- Международный финансовый институт способствует развитию экономики.

- Эффективное использование финансов позволяет оптимизировать ресурсы.

- Во время финансового кризиса сложно принимать стратегические решения.

- Финансы – основной элемент экономики.



- Қаржының дұрыс басқарылуы кәсіпорынның табысты болуына әсер етеді.
- Қаржы нарығы әлемдік экономикада маңызды рөл атқарады.
- Қаржы құралдарын дұрыс пайдалану бизнестің тиімділігін арттырады.
- Қаржы дағдарысы көптеген компаниялардың жұмысын қиындатады.
- Қаржы саласындағы білім өте маңызды.
- Қаржы – кәсіпорынның негізгі ресурстарының бірі.
- Қаржы нарығында әртүрлі инвестициялық мүмкіндіктер бар.
- Қаржы есептерін дұрыс жүргізу бизнес үшін өте маңызды.
- Қаржы салу арқылы болашақта пайда табуға болады.
- Қаржының тұрақтылығы – бизнес үшін маңызды фактор.
- Қаржының дұрыс басқарылуы кәсіпорынның өсуіне септігін тигізеді.
- Қаржылық жағдайың қалай?
- Жақсы, бірақ кейбір жоспарларымды қайта қарауым керек.
- Иә, қаржы дұрыс басқарылмаса, қиындықтар туындауы мүмкін. Қалай ойлайсың, инвесторлар үшін қандай қаржы стратегиялары тиімді?

- Правильное управление финансами влияет на успех предприятия.
- Финансовый рынок играет важную роль в мировой экономике.
- Правильное использование финансовых инструментов повышает эффективность бизнеса.
- Финансовый кризис затрудняет работу многих компаний.
- Знания в области финансов очень важны.
- Финансы – это один из основных ресурсов предприятия.
- На финансовом рынке есть различные инвестиционные возможности.
- Правильное ведение финансовых отчетов крайне важно для бизнеса.
- Инвестируя деньги, можно получить прибыль в будущем.
- Финансовая стабильность является важным фактором для бизнеса.
- Правильное управление финансами способствует росту предприятия.
- Как у тебя дела с финансами?
- Хорошо, но мне нужно пересмотреть некоторые из моих планов.
- Да, если финансы не управляются правильно, могут возникнуть проблемы. Как ты думаешь, какие финансовые стратегии эффективны для инвесторов?



- Меніңше, ұзақ мерзімді инвестициялар тиімдірек болады. Қысқа мерзімді кірістерден табыс алуға тырысқанша, тұрақты пайда әкелетін активтерге инвестиция салған дұрыс.

- Дұрыс айтасың. Бірақ тәуекелдерден де сақтану керек. Жоспарлау бұл жерде өте маңызды.

- Әрине. Қаржы жоспары болмаған жағдайда кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы төмендейді.

- Солай. Сондықтан әрбір қадамды есептеп, стратегиялық жоспар құру қажет.

- Дәл солай. Қаржы салу арқылы болашақта жақсы нәтиже алуға болады.

- Сен қаржы нарығы туралы не ойлайсың?

- Қаржы нарығы өте құбылмалы. Соңғы бірнеше айда көптеген өзгерістер болды.

- Әрине. Қаржыны жоспарламасаңыз, болашақта қиындықтар туындауы мүмкін.

- Солай. Мысалы, мен жеке қор ашып, соған тұрақты түрде ақша сала бастадым. Бұл менің болашағымды қамтамасыз ету үшін маңызды қадам.

- Өте дұрыс шешім! Қаржы салу арқылы ғана болашақта тұрақты табыс көзіне қол жеткізуге болады.

- Мне кажется, долгосрочные инвестиции будут более эффективными. Лучше инвестировать в активы, которые приносят стабильную прибыль, чем пытаться заработать на краткосрочных доходах.

- Ты прав. Но также следует избегать рисков. Планирование здесь очень важно.

- Конечно. При отсутствии финансового плана финансовая устойчивость предприятия снижается.

- Верно. Поэтому важно тщательно просчитывать каждый шаг и разрабатывать стратегический план.

- Именно. Инвестируя деньги, можно получить хорошие результаты в будущем.

- Что ты думаешь о финансовом рынке?

- Финансовый рынок очень волатильный. За последние несколько месяцев произошло много изменений.

- Конечно. Без финансового плана могут возникнуть большие трудности в будущем. Я всегда ставлю перед собой четкие финансовые цели на будущее.

- Верно. Например, я открыл личный фонд и начал регулярно в него инвестировать. Это важный шаг для обеспечения моего финансового будущего.

- Отличное решение! Только инвестируя, можно достичь стабильного дохода в будущем.



Қаржылық сауаттылық

- ~ қаржылық жоспарлау
- ~ қаржылық білім
- ~ қаржылық модель
- ~ қаржыны әртараптандыру
- ~ бизнес жоспарлау
- ~ шығындардың түрлері
- ~ бастапқы капитал
- ~ қаржылық болжам
- бюджетті жүргізу негіздерін зерделеу
- қаржы активтерін басқару тәжірибесі
- қаржы туралы білімді кеңейту
- инвестиция жасауды үйрену
- айлық табыстың кем дегенде 10%-ын жинақтап отыру
- қаржылық сауатты болу
- қаржылық сауаттылықты дамыту
- қарыздан аулақ болуға немесе оны сауатты бақылауға ұмтылу
- отбасылық әл-ауқатты арттыру
- табыс пен шығынды есептеп отыру
- қаржылық сауаттылық саласында тәжірибе жинау
- жеке немесе отбасылық бюджетті басқару
- ақшаны басқарудың маңыздылығы

Финансовая грамотность

- ~ финансовое планирование
- ~ финансовое образование
- ~ финансовая модель
- ~ диверсификация финансов
- ~ бизнес-планирование
- ~ виды расходов
- ~ начальный капитал
- ~ финансовый прогноз
- изучение основ ведения бюджета
- опыт управления финансовыми активами
- расширение знаний о финансах
- научиться инвестировать
- откладывать не менее 10% от ежемесячного дохода
- быть финансово грамотным
- развивать финансовую грамотность
- стремиться избегать задолженности или грамотно её контролировать
- повышение семейного благополучия
- регулярно рассчитывать доходы и расходы
- накапливать опыт в финансовой грамотности
- управление личным или семейным бюджетом
- важность управления деньгами



- Қаржыңызды сауатты басқаруды үйреніңіз.

- Адам өзінің қаржылық білімін дамуыға ұмтылуы керек

- Қаржылық сауаттылық –басқару қабілеті.

- Мен өз қаржымды үнемдеуді үйреніп жатырмын.

- Инвестиция жасау болашақта қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге көмектеседі.

- Қаржыны дұрыс басқару өте маңызды.

- Әр ай сайын белгілі бір соманы жинап отырамын.

- Қаржыны жоспарлау болашаққа сенімділік береді.

- Қаржыны жоспарлау – бизнес үшін маңызды қадам.

- Қаржылық білім адамға ақшаны тиімді басқаруға көмектеседі.

- Қаржы моделі компанияның болашағын жоспарлауға мүмкіндік береді.

- Қаржыны әртараптандыру инвестициялық тәуекелдерді төмендетуге көмектеседі.

- Бизнес-жоспарлау – кез келген кәсіпорын үшін маңызды үдеріс.

- Шығын түрлері әртүрлі болады: тұрақты, айнымалы және өзгермелі шығындар.

- Научитесь грамотно управлять своими финансами.

-Человек должен стремиться развивать свои финансовые знания

- Финансовая грамотность – это способность управлять.

- Я учусь экономить свои деньги.

- Инвестиции помогают достичь финансовой стабильности в будущем.

- Правильное управление деньгами очень важно.

- Каждый месяц я откладываю определенную сумму.

- Финансовое планирование дает уверенность в будущем.

- Финансовое планирование является важным шагом для бизнеса.

- Финансовые знания помогает человеку эффективно управлять деньгами.

- Финансовая модель позволяет планировать будущее компании.

- Диверсификация финансов помогает снизить инвестиционные риски.

- Бизнес-планирование является важным процессом для любого предприятия.

- Виды расходов бывают разные: постоянные, переменные и изменяющиеся расходы.



- Бастапқы капиталды дұрыс басқару бизнестің табыстылығын арттыра алады.

- Қаржылық болжам компанияның болашақтағы дамуын болжауға көмектеседі.

- Сіз қаржылай сауатты болуыңыз керек, өйткені бұл сізге ақшаны дұрыс басқаруға көмектеседі.

- Қаржы сауатын арттыру өмірдегі қаржылық қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

- Қаржыны сауатты басқару ақшаны тиімді жұмсауға мүмкіндік береді.

- Қаржыны сауатты басқару, бюджетті жоспарлап, ақшаны үнемдеуге көмектеседі.

- Қаржылық сауаттылыққа көңіл бөлу болашақта қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

- Қаржылық сауаттылық ақшаны дұрыс пайдалану мен инвестициялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

- Қаржылық жоспарлау тек болашаққа деген сенімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз етпейді, сонымен қатар күтпеген шығындарға дайын болуға үйретеді.

- Правильное управление начальным капиталом может увеличить прибыльность бизнеса.

- Финансовый прогноз помогает предсказать развитие компании в будущем.

- Вы должны быть финансово грамотным, потому что это помогает вам правильно управлять деньгами.

- Повышение финансовой грамотности помогает преодолевать финансовые трудности в жизни.

- Грамотное управление финансами позволяет эффективно расходовать деньги.

- Грамотное управление финансами помогает планировать бюджет и экономить деньги.

- Уделение внимания финансовой грамотности дает возможность достичь финансовой независимости в будущем.

- Грамотность в финансовом отношении позволяет развить навыки правильного использования и инвестирования денег.

- Финансовое планирование не только обеспечивает уверенность и стабильность в будущем, но и учит быть готовым к непредвиденным расходам.



- Инвестицияларды дұрыс таңдау және уақтылы басқару қаржылық тәуекелдерді азайтуға және кірісті арттыруға мүмкіндік береді.

- Сақтандыруды сатып алу арқылы сіз күтпеген жағдайлардан қорғана аласыз және қаржылық тұрақтылықты сақтай аласыз.

- Қаржы сауаттылығын арттыру үшін, тек қаражатты дұрыс басқару жеткіліксіз, сонымен қатар осы саладағы білім мен дағдыларды үнемі жаңартып отыру қажет.

- Қаржылық сауаттылықты арттырудың тиімді жолдары қандай?

- Қаржылық сауаттылық – қаржыны тиімді басқаруға мүмкіндік беретін білім жиынтығы.

- Қаржы сауатын қалай арттыруға болады?

- Қаржылық сауаттылық дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда қаржылық тәртіп, яғни өз бюджетіңді басқара білу дегенді білдіреді.

- Абай атамыз он бесінші қара сөзінде: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмада бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзің есеп ал!» – деген.

- Яғни адам кірісі мен шығысын санап, өзіне есеп беру керек.

- Правильный выбор и своевременное управление инвестициями позволяет снизить финансовые риски и увеличить ваш доход.

- Покупка страховки позволяет защититься от непредвиденных обстоятельств и сохранить финансовую стабильность.

- Для повышения финансовой грамотности недостаточно просто правильно управлять деньгами, также необходимо постоянно обновлять знания и навыки в этой области.

- Каковы эффективные способы повышения финансовой грамотности?

- Финансовая грамотность – это совокупность знаний, позволяющая эффективно управлять финансами.

- Как можно повысить финансовую грамотность?

| - мекеме қызметінің сапа стандарттары | - стандарты качества работы учреждения |
| - ұйымның қаржы-экономикалық тұрақтылығы | - финансовая и экономическая устойчивость организации |
| - мекемеде жұмыс істеу жағдайларын жақсарту | - улучшение условий работы в учреждении |
| - ұйымның құқықтық мәртебесін анықтау | - определение правового статуса организации |
| - мекемеде кадрлық саясатты жетілдіру | - совершенствование кадровой политики в учреждении |
| - ұйымның стратегиялық даму жоспары | - стратегический план развития организации |
| - мекемеде ақпараттық жүйелерді енгізу | - внедрение информационных систем в учреждении |
| - ұйымда жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру курстары | - курсы повышения квалификации специалистов, работающих в организации |
| - мекемедегі қызметкерлердің еңбек құқығының сақталуын қамтамасыз ету | - обеспечение соблюдения трудовых прав сотрудников учреждения |
| - ұйымның ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану | - эффективное использование ресурсного потенциала организации |
| - мекемедегі инновациялық жобаларды жүзеге асыру | - реализация инновационных проектов в учреждении |
| - ұйымның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясы | - стратегия повышения конкурентоспособности организации на рынке |
| - мекемеде сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту | - развитие внешнеэкономических связей учреждения |
| - ұйымның басқару құрылымын жаңарту | - обновление управленческой структуры организации |
| - Мекеме басшысы жаңа жобаның жүзеге асуын бақылап отыр. | - Руководитель учреждения контролирует выполнение нового проекта. |



- Ұйымның қызметі қоғамға пайдалы жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.
- Мекемедегі жұмыс тәртібі қатаң түрде сақталады.
- Ұйымның құрылымы бірнеше бөлімшеден тұрады.
- Ұйымның міндеттері – әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру және қызмет көрсету сапасын жақсарту.
- Мекеме қызметкерлері кәсіби даму курстарында оқиды.
- Ұйымның жұмыс жоспары барлық міндеттерді орындауды қамтиды.
- Мекеменің ішкі тәртібі барлық қызметкерлер үшін маңызды.
- Ұйымның кеңсесі қала орталығында орналасқан.
- Мекеме қызметкері барлық тапсырмаларды дер кезінде орындауы тиіс.
- Мекеме басшысы – мекеменің жұмысын басқаратын, шешім қабылдайтын және қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыратын тұлға.
- Қызметкерлердің күнделікті атқаратын міндеттері мен тапсырмалары.
- Мекеменің оң жағында үлкен саябақ орналасқан.
- Ұйымның арқасында көптеген әлеуметтік жобалар іске асырылды.
- Деятельность организации направлена на реализацию полезных для общества проектов.
- Рабочий режим в учреждении строго соблюдается.
- Структура организации состоит из нескольких подразделений.
- Задачи организации – реализация социальных программ и улучшение качества обслуживания.
- Сотрудники учреждения проходят курсы профессионального развития.
- Рабочий план организации включает в себя выполнение всех задач.
- Внутренний распорядок учреждения важен для всех сотрудников.
- Офис организации находится в центре города.
- Сотрудник учреждения обязан своевременно выполнять все поручения.
- Руководитель учреждения – лицо, осуществляющее руководство деятельностью учреждения, принимающее решения и организующее работу персонала.
- Обязанности и задачи, которые сотрудники выполняют ежедневно.
- Справа от учреждения находится большой парк.
- Благодаря организации было реализовано множество социальных проектов.



- Мекеменің жанында дәмхана бар.

- Қайырымдылық ұйымдары көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсетеді.

- Мемлекеттік мекеме елдегі әлеуметтік саясатты жүзеге асырады.

- Халықаралық ұйымдар бүкіл әлем бойынша гуманитарлық көмек көрсетеді.

- Ғылыми мекемелер жаңа зерттеулер жүргізіп, инновациялық шешімдер ұсынады.

- Коммерциялық емес ұйымдар қоғамдық мәселелерді шешумен айналысады.

- Мекеме басшылығының шешімі бойынша жаңа жобалар іске қосылды.

- Ұйымның ішкі тәртіп ережелері барлық қызметкерлерге түсіндірілді.

- Қабылдау комиссиясы құжаттарды қабылдауды бастады.

- Ұйымның қаржылық есептемесі ашық әрі айқын болуы керек.

- Мекемеде еңбек жағдайларын жақсарту үшін жаңа шаралар қабылданды.

- Ұйымдастыру жұмыстарының тиімділігі жұмыс өнімділігін арттыруға ықпал етті.

- Ұйымның даму стратегиясы мен мақсаттары кәсіпорынның келесі жылдарға арналған бағыттарын айқындайды.

- Рядом с учреждением есть кафе.

- Благотворительные организации оказывают поддержку нуждающимся.

- Государственное учреждение осуществляет социальную политику страны.

- Международные организации оказывают гуманитарную помощь по всему миру.

- Научные учреждения проводят новые исследования и предлагают инновационные решения.

- Некоммерческие организации занимаются решением общественных проблем.

- По решению руководства учреждения были запущены новые проекты

- Внутренние правила организации были разъяснены всем сотрудникам.

- Приёмная комиссия начала приём документов.

- Финансовая отчётность организации должна быть прозрачной и ясной.

- Для улучшения условий труда в учреждении были приняты новые меры.

- Эффективность организационной работы способствовала повышению производительности труда.

- Стратегия развития и цели организации определяют направления предприятия на следующие годы.



- Мекемедегі еңбек даулары мен келіспеушіліктерді шешу үшін арнайы комиссия құрылды.

- Ұйымның құқықтық жауапкершілігі мен міндеттері заңмен реттеледі.

- Мекемеде қаржыға қатысты аудиторлық тексеріс жыл сайын өткізіледі.

- Мекемедегі қауіпсіздік шаралары мен талаптары барлық қызметкерлерге түсіндірілді.

- Ұйымның қызмет көрсету сапасын бақылау жүйесі жаңа технологиялармен жаңартылды.

- Мекеме жұмысының тиімділігін арттыру бағыттары бойынша стратегиялық жоспарлар жасалды.

- Ұйымның ішкі бақылау жүйесі қызметкерлердің жұмысын тиімді түрде тексеруге мүмкіндік береді.

- Мекеме қызметінің сапа стандарттары халықаралық талаптарға сәйкес жаңартылды.

- Ұйымның қаржы-экономикалық тұрақтылығы компанияның дамуына әсер етеді.

- Мекемеде жұмыс істеу шарттарын жақсарту үшін жаңа заңдар мен ережелер енгізілді.

- Ұйымның құқықтық мәртебесін анықтау үшін заңгерлер кеңес берді.

- Для разрешения трудовых споров и разногласий в учреждении была создана специальная комиссия.

- Правовая ответственность и обязательства организации регулируются законом.

- В учреждении ежегодно проводится аудиторская проверка финансов.

- Меры безопасности и требования были разъяснены всем сотрудникам учреждения.

- Система контроля качества обслуживания организации была обновлена новыми технологиями.

- Были разработаны стратегические планы по направлениям повышения эффективности работы учреждения.

- Система внутреннего контроля организации позволяет эффективно проверять работу сотрудников.

- Стандарты качества обслуживания учреждения были обновлены в соответствии международными требованиями.

- Финансово-экономическая стабильность организации влияет на развитие компании.

- Были введены новые законы и правила для улучшения условий труда в учреждении.

- Юристы консультировали по определению правового статуса организации.



- Мекемеде кадрлық саясатты жетілдіру үшін жаңа бағдарлама енгізілді.

- Ұйымның стратегиялық даму жоспары алдағы бес жылға арналған мақсаттар мен міндеттерді қамтиды.

- Мекемеде ақпараттық жүйелерді енгізу жұмыстары басталды.

- Ұйым мамандарына арналған біліктілікті арттыру курстары тұрақты түрде өткізіледі.

- Мекемедегі қызметкерлердің еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында бақылау жүргізіледі.

- Ұйымның ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану үшін жаңа басқару әдістері енгізілді.

- Мекемедегі инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін арнайы топ құрылды.

- Ұйымның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясы жаңа өнімдер мен қызметтерді енгізуге бағытталған.

- Мекемеде сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту үшін халықаралық серіктестік орнатылды.

- Для совершенствования кадровой политики в учреждении была внедрена новая программа.

- Стратегический план развития организации охватывает цели и задачи на следующие пять лет.

- В учреждении началась работа по внедрению информационных систем.

- Курсы повышения квалификации для специалистов организации проводятся на регулярной основе.

- С целью обеспечения соблюдения трудовых прав сотрудников в учреждении проводится контроль.

- Для эффективного использования ресурсного потенциала организации были внедрены новые методы управления.

- Для реализации инновационных проектов в учреждении была создана специальная группа.

- Стратегия повышения конкурентоспособности организации на рынке направлена на внедрение новых продуктов и услуг.

- Для развития внешнеэкономических связей в учреждении была установлена международная партнерская сеть.



- Басқарудың ұйымдық құрылымын жаңарту үшін корпоративтік басқарудың жаңа моделі енгізілді.

- Білім беру саласындағы заманауи технологияларды енгізетін мекеме жаңа оқу әдістемелерін тәжірибеге енгізуде.

- Халықаралық деңгейде білім беру үдерісін ұйымдастыратын ұйым студенттерге әлемдік білім беру стандарттарын ұсынады.

- Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін ұйым экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

- Коммерциялық табысқа бағытталған көпбейінді мекеме түрлі бизнес бағыттары бойынша қызметтер ұсынады.

- Коммерциялық жобаларды іске асыратын ұйым жаңа нарыққа шығуды жоспарлауда.

- Ауқымды инвестицияны басқаратын мекеме өз қаржысын халықаралық жобаларға салады.

- Сәлем! Сен бүгін жаңалықтарды көрдің бе? Білім беру саласында заманауи технологияларды енгізуші мекемелер көптеп ашылып жатыр екен.

- Для обновления организационной структуры управления была внедрена новая модель корпоративного управления.

- Учреждение, внедряющее современные технологии в области образования, вносит новые методы обучения в практику.

- Организация, организующая образовательный процесс на международном уровне, предлагает студентам мировые образовательные стандарты.

- Организация, обеспечивающая финансовую устойчивость, направлена на обеспечение стабильного развития экономики.

- Многопрофильное учреждение, ориентированное на коммерческий успех, предлагает услуги по различным бизнес-направлениям.

- Организация, реализующая коммерческие проекты, планирует выйти на новый рынок.

- Учреждение, управляющее крупными инвестициями, вкладывает свои средства в международные проекты.

- Привет! Ты смотрела сегодня новости? Все больше открываются учреждения, внедряющие современные технологии в области образования.



- Ия, мен бұл туралы да естідім. Халықаралық деңгейде білім беру үдерісін ұйымдастыратын ұйымдар барған сайын танымал бола бастады. Бұл студенттер үшін тамаша мүмкіндік.

- Дұрыс айтасың. Сондай-ақ қаржылық операцияларды реттейтін тәуелсіз мекемелер де бар. Олар қаржы саласындағы заңнаманың сақталуын қадағалауды қамтамасыз етеді.

- Ал коммерциялық табысқа бағытталған көпбейінді мекемелер туралы не деуге болады?

- Олар коммерциялық жобаларды іске асырады және экономикаға үлкен әсер етеді.

- Әрине, олар ауқымды инвестицияларды басқаратын мекемелермен тығыз жұмыс істейді. Бұл мекемелердің бірлескен жұмысы әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі.

- Сенің ойыңша, білім беру саласындағы заманауи технологияларды енгізетін мекемелердің болашағы қандай?

- Менің ойымша, олардың келешегі бар, өйткені олар халықаралық деңгейде білім беру үдерісін жүргізетін ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

- Ал қаржы операцияларын реттейтін тәуелсіз мекемелер туралы не ойлайсың?

- Да, я тоже слышала об этом. Организации, организующие образовательный процесс на международном уровне, становятся все более популярными. Это отличная возможность для студентов.

- Ты прав. Кроме того, существуют независимые учреждения, регулирующие финансовые операции. Они обеспечивают контроль за соблюдением законодательства в сфере финансов.

- А как насчет многопрофильных учреждений, ориентированных на коммерческий доход?

- Они реализуют коммерческие проекты и оказывают влияние на экономику.

- Конечно, они тесно сотрудничают с учреждениями, которые управляют крупномасштабными инвестициями. Совместная работа этих учреждений помогает оставаться конкурентоспособными на мировом рынке.

- Как ты думаешь, какое будущее у учреждений, внедряющих современные технологии в области образования?

- Я думаю, что они очень перспективны, так как работают в тесном сотрудничестве с организациями, проводящими образовательный процесс на международном уровне.

- А что ты думаешь о независимых учреждениях, регулирующих финансовые операции?



- Меніңше, олардың жұмысы өте маңызды. Олар – қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін ұйымдар. Сондықтан олардың рөлі де айтарлықтай маңызды.

- Сонымен қатар ірі халықаралық серіктестермен байланысы бар ұйымдар халықаралық нарыққа шығу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

- По моему мнению, их работа очень важна. Это организации, обеспечивающие финансовую стабильность, поэтому их роль весьма значительна.

- Кроме того, организации, имеющие связи с крупными международными партнерами, открывают новые возможности для выхода на международный рынок.

Мемлекеттік қызметшілер

~ жауапты

~ адал

~ білікті

~ кәсіби білімді

~ белсенді

~ ұқыпты

~ сабырлы

~ қабілетті

~ тәжірибелі

~ мұқият және тиянақты

~ тез шешім қабылдайтын

Государственные служащие

~ ответственный

~ честный

~ квалифицированный

~ профессионально
образованный

~ активный

~ аккуратный

~ спокойный

~ способный

~ опытный

~ внимательный и усердный

~ быстро принимающий решения

Мемлекеттік қызметшіге

(-ге - барыс септік/ дательный падеж)

~ тапсырма беру – тапсырма берді –
тапсырма береді

~ сенім арту – сенім артты – сенім
артады

~ нұсқау беру – нұсқау берді – нұсқау
береді

Государственному служащему

~ давать поручение – дал
поручение – даёт поручение

~ доверять – доверил – доверяет

~ давать указание – дал указание
– даёт указание



~ міндет жүктеу – міндет жүктеді –
міндет жүктейді

~ возлагать обязанность
– возложил обязанность –
возлагает обязанность

Мемлекеттік қызметшіні

(-ні - табыс септік/ *винительный падеж*)

~ тексеру – тексерді – тексереді

~ проверять – проверил –
проверяет

~ тағайындау – тайындайды –
тағайындайды

~ назначать – назначил –
назначает

~ бағалау – бағалады – бағалайды

~ ценить – оценил – оценит

~ қадағалау – қадағалады –
қадағалайды

~ наблюдать – наблюдал –
наблюдает

~ дайындау – дайындады –
дайындайды

~ готовить – подготовил –
готовит

~ жауапкершілікке тарту
– жауапкершілікке тартты –
жауапкершілікке тартады

~ привлекать к ответственности
– привлёк к ответственности –
привлекает к ответственности

~ заңды сақтауға міндеттеу – заңды
сақтауға міндеттеді – заңды сақтауға
міндеттейді

~ обязывать соблюдать закон
– обязал соблюдать закон –
обязывает соблюдать закон

Мемлекеттік қызметшіден

(-ден - шығыс септік/ *исходный падеж*)

~ талап ету – талап етті – талап
етеді

~ требует – требовал – требует

~ көмек сұрау – көмек сұрады –
көмек сұрайды.

~ просить помощь – попросил
помощи – просит помощи

~ ақпарат алу – ақпарат алынды –
ақпарат алынады

~ получение информации
– информация получена –
информация будет получена

~ қатаң сақтауды талап ету –
қатаң сақтауды талап етті – қатаң
сақтауды талап етеді

~ требовать строгого соблюдения
– требовал строгого соблюдения
– требует строгого соблюдения



~ ұсыныс күту – ұсыныс күтті –
ұсыныс күтеді

~ есеп талап ету – есеп талап етті
– есеп талап етеді

~ ожидать предложений от
решений – ожидал предложений
от решений – ожидает
предложений от решений

~ требовать отчёт – требовал
отчёт – требует отчёт

Мемлекеттік қызметшімен

(**-мен** – көмектес септік/ *творительный падеж*)

~ келіссөз жүргізу – келіссөз
жүргізді – келіссөз жүргізеді

~ жұмыс істеу – жұмыс істеді –
жұмыс істейді

~ ынтымақтастық орнату/әріптестік
орнату – ынтымақтастық орнатты/
әріптестік орнатты – ынтымақтастық
орнатады/әріптестік орнатады

~ талқылау – талқылады –
талқылайды

~ пікір алмасу – пікір алмасты – пікір
алмасады

~ стратегиялық жоспарды әзірлеу
– стратегиялық жоспар әзірленді –
стратегиялық жоспар әзірленеді

~ жобаны талқылау – жобаны
талқылады – жобаны талқылады

– мемлекеттік қызметші туралы

– білікті мемлекеттік қызметші

– мемлекеттік қызметшінің қызметі

– мемлекеттік қызметшінің қасында

– тәжірибелі мемлекеттік қызметші

С государственным служащим

~ вести переговоры – вёл
переговоры – ведёт переговоры

~ работать – работал – работает

~ сотрудничать – сотрудничал –
сотрудничает

~ обсуждать – обсуждал –
обсуждает

~ обмениваться мнениями
– обменялся мнениями –
обменивается мнениями

~ разработать стратегический
план – разработан
стратегический план –
разрабатывается стратегический
план

~ обсуждать проект – обсудил
проект – обсуждает проект

– о государственном служащем

– квалифицированный
государственный служащий

– служба государственного
служащего

– рядом с государственным
служащим

– опытный государственный
служащий



- | | |
|---|--|
| - екі мемлекеттік қызметші | - два государственных служащих |
| - біздің мемлекеттік қызметшілеріміз | - наши государственные служащие |
| - мемлекеттік қызметшіге байланысты | - связано с государственным служащим |
| - Мына мемлекеттік қызметші өз жұмысын адал әрі әділ атқарады. | - Этот государственный служащий честен и справедлив в своей работе. |
| - Екі мемлекеттік қызметші бірлесіп үлкен жобаны жүзеге асырды. | - Два государственных служащих совместно реализовали крупный проект. |
| - Білікті мемлекеттік қызметші халыққа әрдайым көмектеседі. | - Квалифицированный государственный служащий всегда помогает народу. |
| - Тәжірибелі мемлекеттік қызметкер өз тәжірибесін жас мамандармен бөліседі. | - Опытный государственный служащий делится своим опытом с молодыми специалистами. |
| - Мемлекеттік қызметші елдің дамуына үлес қосады. | - Государственный служащий вносит вклад в развитие страны. |
| - Білікті мемлекеттік қызметші мәселелерді тез шешеді. | - Квалифицированный государственный служащий быстро решает проблемы. |
| - Мемлекеттік қызметшінің қызметі халыққа қызмет етуге бағытталған. | - Служба государственного служащего направлена на служение народу. |
| - Тәжірибелі мемлекеттік қызметші күрделі жағдайларда дұрыс шешім қабылдайды. | - Опытный государственный служащий принимает правильные решения в сложных ситуациях. |
| - Біздің қызметкерлеріміз халықтың мүддесі үшін жұмыс істейді. | - Наши сотрудники работают в интересах народа. |
| - Қызметкер құжаттарды дайындап жатыр. | - Сотрудник готовит документы. |
| - Мемлекеттік қызметшіге нұсқау беріледі. | - Государственному служащему дают инструкции. |
| - Мемлекеттік қызметшіге міндет жүктеледі. | - Государственному служащему возлагают обязанности. |



- Мемлекеттік қызметшінің жұмысын бағалайды.
- Қызметкер бізге толық ақпарат берді.
- Мемлекеттік қызметшіден түсініктеме сұралады.
- Мәселе қызметкермен талқыланады.
- Мемлекеттік қызметшілер заңнаманың орындалуын қадағалайды.
- Мемлекеттік қызметшілер қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді.
- Мемлекеттік қызметшіге жобаны аяқтау тапсырылды.
- Мемлекеттік қызметшіге құпия ақпаратты сақтау міндеттеледі.
- Мемлекеттік қызметшіні жауапкершілікке тартады.
- Мемлекеттік қызметшінің шешім қабылдау қабілеті жоғары.
- Мемлекеттік қызметшінің күрделі мәселелерді шешуде мол тәжірибесі бар.
- Мемлекеттік қызметшіден заңдылықты қатаң сақтау талап етіледі.
- Заң жобасын мемлекеттік қызметшілермен талқылады.
- Мемлекеттік қызметшімен бірге стратегиялық жоспар әзірленеді.
- Оценивает работу государственного служащего.
- Сотрудник предоставил нам подробную информацию.
- У государственного служащего спрашивают объяснения.
- Вопрос обсуждается с сотрудником.
- Государственные служащие следят за выполнением законодательства.
- Государственные служащие обеспечивают общественный порядок.
- Государственному служащему поручено завершить проект.
- Государственному служащему вменяется в обязанность сохранение конфиденциальной информации.
- Государственного служащего привлекают к ответственности.
- Государственный служащий обладает высокой способностью принятия решений.
- Государственный служащий имеет большой опыт решения сложных вопросов.
- От государственного служащего требуют строгого соблюдения законности.
- Обсудили проект закона с государственными служащими.
- Вместе с государственным служащим разрабатывается стратегический план.



- Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік бағдарламалардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді.

- Мемлекеттік қызметшілер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асырады.

- Мемлекеттік қызметшіге қоғамдық мүдделерді басшылыққа алу тапсырылады.

- Мемлекеттік қызметшіге нормативтік құжаттарды әзірлеу міндеті жүктеледі.

- Мемлекеттік қызметшіге қызметтік этика нормаларын сақтау міндеттеледі.

- Мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік саясатты жүргізуге тартады.

- Мемлекеттік қызметші заңнаманы жақсы түсінеді және оны іс жүзінде қолдана алады.

- Мемлекеттік қызметшіден бюджет қаражатын тиімді пайдалану жөнінде есеп талап етіледі.

- Мемлекеттік қызметшіден өз міндеттерін адал орындау талап етіледі.

- Мемлекеттік қызметшімен бірге халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қатысты келіссөздер жүргізіледі.

- Мемлекеттік қызметші елдің заңдары мен ережелерін сақтауға және орындауға жауапты.

- Государственные служащие обеспечивают эффективную реализацию государственных программ.

- Государственные служащие осуществляют защиту прав и свободы граждан.

- Государственному служащему поручается руководствоваться общественными интересами.

- Государственному служащему возлагается обязанность разработки нормативных документов.

- Государственного служащего обязывают соблюдать нормы служебной этики.

- Государственного служащего привлекают к ведению государственной политики.

- Государственный служащий хорошо понимает законодательство и может применять его на практике.

- От государственного служащего требуют отчёт об эффективном использовании бюджетных средств.

- От государственного служащего требуют добросовестное исполнение служебных обязанностей.

- Вместе с государственным служащим проводятся переговоры по развитию международного сотрудничества.

- Государственный служащий несёт ответственность за соблюдение и исполнение законов и правил страны.



- Білікті қызметкер өз ісінде кәсібилік пен жауапкершілікті жоғары деңгейде көрсетеді.

- Тәжірибелі қызметкер ұйымдағы ішкі үдерістерді жақсы біледі.

- Мемлекеттік қызметші туралы жақсы пікірлер айтылды.

- Біздің қызметкерлеріміз елдің дамуы үшін маңызды жұмыс атқарады.

- Мемлекеттік қызметшінің көптеген міндеті мен жауапкершілігі бар.

- Біздің мемлекеттік қызметшілеріміз елдің ішкі және сыртқы саясатын іске асыруда маңызды рөл атқарады.

- Мемлекеттік қызметші қабылдайтын шешімдер көбінесе ұлттық қауіпсіздікке және экономикалық даму мәселелеріне тікелей әсер етеді. Сондықтан оның әрбір әрекеті қоғам үшін өте маңызды.

- Мемлекеттік қызметтен кейін ол түрлі халықаралық ұйымдарда жұмыс істеп, шетелде тәжірибе жинақтап, алған білімін еліміздің мемлекеттік қызметіне енгізуді мақсат етті.

- Мемлекеттік қызметшінің қызметі әрқашан ашықтық пен әділдікке негізделеді және тек мемлекеттің мүдделеріне қызмет етеді.

- Квалифицированный сотрудник демонстрирует высокий уровень профессионализма и ответственности в своем деле.

- Опытный служащий хорошо знает внутренние процессы в организации.

- О государственном служащем говорили хорошие отзывы.

- Наши сотрудники выполняют важную работу для развития страны.

- У государственного служащего множество обязанностей и ответственности.

- Наши государственные служащие играют важную роль в реализации внутренней и внешней политики страны.

- Принятые государственным служащим решения напрямую влияют на вопросы национальной безопасности и экономического развития. Поэтому каждое его действие имеет огромное значение для общества.

- После государственной службы он работал в различных международных организациях, набирал опыта за рубежом и поставил перед собой цель внедрить полученные знания в государственную службу нашей страны.

- Деятельность государственного служащего всегда основывается на прозрачности и справедливости и служит только интересам государства.



- Қызметкермен бірге біз бұл жобаның барлық аспектілерін қарастырдық.

- Білікті мемлекеттік қызметші елдің саяси және экономикалық реформаларына белсенді қатысады және әрқашан өзінің кәсіби құзыреттілігі мен әділдігімен ерекшеленеді, сондықтан қоғамның үлкен сеніміне ие.

- Сәлеметсіз бе! Менің бір сұрағым бар еді: мемлекеттік қызметші болу үшін қандай талаптар қойылады?

- Мемлекеттік қызметші болу үшін ең алдымен жоғары білім және тиісті жұмыс тәжірибесі болуы керек. Сонымен қатар адамның құқықтық және этикалық нормаларын сақтауы өте маңызды.

- Жұмысқа қабылданған кейін мемлекеттік қызметші қандай міндеттерді атқарады?

- Мемлекеттік қызметші әртүрлі салаларда жұмыс істей алады. Оның міндеттері көбінесе мемлекеттік саясатты іске асыру, заңдарды сақтау және халыққа қызмет көрсету болып табылады. Әрбір мемлекеттік қызметші өз лауазымына сәйкес түрлі жұмыстарды орындайды.

- Вместе с сотрудником мы рассмотрели все аспекты этого проекта. Тесно сотрудничая с ведомствами, мы обеспечиваем его эффективную реализацию.

- Квалифицированный государственный служащий активно участвует в политических и экономических реформах страны и всегда выделяется своей профессиональной компетентностью и справедливостью, поэтому пользуется большим доверием общества.

- Здравствуйте! У меня есть один вопрос: какие требования предъявляются для того, чтобы стать государственным служащим?

- Чтобы стать государственным служащим, прежде всего необходимо иметь высшее образование и соответствующий опыт работы. Кроме того, очень важно соблюдение правовых и этических норм.

- Какие обязанности выполняет государственный служащий, после того, как он принят на работу?

- Государственный служащий может работать в различных сферах. Его обязанности в основном, связаны с реализацией государственной политики, соблюдением законов и предоставлением услуг населению. Каждый государственный служащий выполняет работу в зависимости от своей должности.



- Жұмыс барысында қандай да бір қиындықтар бола ма?

- Әрине, мемлекеттік қызметшінің жұмысы жауапкершілікті талап етеді. Кейде қиындықтар да кездеседі. Бірақ ең бастысы – адалдық, кәсібилік және халық мүддесіне қызмет ету.

- Сәлем! Сен мемлекеттік қызметші болып жұмыс істейсің ғой, жұмысың қалай?

- Иә, дұрыс айтасың. Жұмыс қызықты, бірақ жауапкершілігі өте жоғары. Халыққа қызмет ету оңай емес.

- Біз заңдарды іске асыруға көмектесеміз, құжаттар дайындаймыз, халықтың мәселелерін шешуге тырысамыз. Кейде түнге дейін отырамыз.

- Иә, егер әділ және адал болсаң, халық сені бағалайды. Бірақ бәріне бірдей жағу мүмкін емес.

- Мен қазір бөлім басшысы ретінде экономикалық реформаларды іске асыруға қатысып жүрмін. Бюджетті бөлу, инвестиция тарту сияқты күрделі тапсырмалар бар.

- Бір жағынан заң талаптарын сақтау, екінші жағынан халықтың үмітін ақтау қажет. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте – үлкен жауапкершілік.

- Бывают ли, трудности в ходе работы?

- Конечно, работа государственного служащего требует ответственности. Иногда встречаются трудности. Но главное, это – честность, профессионализм и служение интересам народа.

- Привет! Ты же работаешь государственным служащим, как дела на работе?

- Да, ты права. Работа интересная, но ответственность очень большая. Служить народу непросто.

- Мы помогаем реализовать законы, готовим документы, стараемся решать проблемы людей. Иногда сидим до поздней.

- Да, если ты справедлив и честен, люди тебя оценят. Но угодить всем невозможно.

- Сейчас я, как руководитель отдела, участвую в реализации экономических реформ. Есть сложные задачи, такие как распределение бюджета, привлечение инвестиций.

- С одной стороны нужно соблюдать требования закона, с другой оправдывать ожидания народа. Кроме того, борьба с коррупцией – это тоже большая ответственность.



- Иә, сын айтылады. Бірақ ашықтық пен нәтиже көрсету арқылы сенімді сақтауға тырысамыз. Мысалы, жобалардың есебін жариялап, халықпен кері байланыс орнатамыз. Дегенмен кейбір шешімдерді түсіндіру қиынға соғады.

- Енді цифрландыруға басымдық беріп, қызметтерді онлайн форматқа көшіру жоспарда. Бұл қағазбастылықты азайтып, тиімділікті арттырады деп үміттенеміз.

- Да, критика бывает. Но мы стараемся сохранять доверие через открытость и демонстрацию результатов. Например, публикуем отчеты по проектам и налаживаем обратную связь с населением. Тем не менее, некоторые решения бывает сложно объяснить.

- Теперь в приоритете цифровизация, перевод услуг в онлайн-формат. Надеемся, что это сократит бюрократию и повысит эффективность работы.

Нн

Несие

(- **лер** – көптік жалғау/ *множественное число*)

~ ұзақ мерзімді
~ қысқа мерзімді
~ пайызы төмен
~ пайызы жоғары
~ біржолғы
~ кепілсіз

Кредит

~ долгосрочный
~ краткосрочный
~ низкопроцентный
~ высокопроцентный
~ разовый
~ без залога

Несиеге

(-**ге** - барыс септік/ *дательный падеж*)

~ өтінім беру – өтінім берді – өтінім береді
~ қайта өтінім беру – қайта өтінім берді – қайта өтінім береді
~ шектеу қою – шектеу қойды – шектеу қояды

На кредит

~ подать заявку – подал заявку – подаст заявку
~ подать повторную заявку – подал повторную заявку – подаст повторную заявку
~ наложить ограничение – наложил ограничение – наложит ограничение



Несиені

(**-ні** - табыс септік/ *винительный падеж*)

- ~ төлеу – төледі – төлейді
- ~ өтеу – өтеді – өтейді
- ~ төлеуге қабілетті болу – төлеуге қабілетті болды – төлеуге қабілетті болады
- ~ қайта қаржыландыру – қайта қаржыландырды – қайта қаржыландырады
- ~ ұзарту – ұзартты – ұзартады

Кредит

- ~ оплатить – оплатил – оплачивает
- ~ возместить – возместил – возместит
- ~ быть платёжеспособным – был платёжеспособным – будет платёжеспособным(ой)
- ~ рефинансировать – рефинансировал – рефинансирует
- ~ продлить – продлил – продлит

Несиеден

(**-ден** - шығыс септік/*исходный падеж*)

- ~ құтылу – құтылды – құтылады
- ~ бас тарту – бас тартты – бас тартады
- несие туралы
- несиеге байланысты
- қандай несие?
- несиенің төлемі
- несиенің пайызы
- несие төлемінен соң
- несие алмау
- несиенің пайызы қанша?
- ұзақ мерзімді несие
- қысқа мерзімді несие
- төмен пайызды несие
- жоғары пайызды несие
- біржолғы несие

От кредита

- ~ избавиться – избавился – избавится
- ~ отказаться – отказался – откажется
- о кредите
- в связи с кредитом
- какой кредит?
- платеж по кредиту
- процент по кредиту
- после платежа по кредиту
- не взять кредит
- какой процент по кредиту?
- долгосрочный кредит
- краткосрочный кредит
- низкопроцентный кредит
- высокопроцентный кредит
- разовый кредит



- | | |
|----------------------------------|---|
| - кепілсіз несие | - кредит без залога |
| - несие алу | - получить кредит |
| - несиеге алу | - взять в кредит |
| - несиені төлеу | - погасить/ платить кредит |
| - несиесі бар | - иметь кредит |
| - несиеден құтылу | - освободиться/ избавиться от кредита |
| - несиеге беру | - дать в кредит |
| - несиені өтеу | - погасить кредит |
| - несиеге өтінім беру | - подавать заявку на кредит |
| - несие туралы келісімшарт жасау | - заключить кредитный договор |
| - несиені төлеуге қабілетті болу | - быть платёжеспособным по кредиту |
| - несие келісімшартына қол қою | - подписать кредитного договора |
| - несиеден бас тарту | - отказаться от кредита |
| - несие арқылы өтемақы төлеу | - выплатить компенсацию за счёт кредита |
| - несиеге қайта өтінім беру | - подавать повторную заявку на кредит |
| - несиені қайта қаржыландыру | - рефинансировать кредит |
| - несиеге шектеу қою | - наложить ограничение на кредит |
| - несие төлемін жасау | - произвести платёж по кредиту |
| - несиені ұзарту | - продлить кредит |
| - несие шарттарына шағымдану | - подавать жалобу на условия кредита |
| - несиені қайтару | - вернуть кредит |
| - несиені жабу | - закрыть кредит |
| - несие шартына байланысты шағым | - подача жалобы на кредитный договор |
| - шешімге қарсылық білдіру | - возражение против решения |
| - несиеге кепілдік беру | - предоставить гарантию на кредит |



- несие алу үшін жүгіну
- несиеге сұраныс
- несиені кешіктіру
- несиені есептеу
- несиені тексеру
- несие бойынша жоспар құру
- несие шарттарын талқылау
- несие өтінімін қарастыру
- несие сұранысын мақұлдау
- Мен банкте несиеге өтінім бердім.
- Ол жаңа үй алу үшін несие алды.
- Біз ай сайын несиені төлеуіміз керек.
- Банктен алған барлық несиелерін уақытында өтеп отырды.
- Біз жоғары пайыздық мөлшерлемеге байланысты несиеден бас тарттық.
- Ол бірнеше жыл бойы несиеден құтылуға тырысты.
- Ол көп мөлшерде несие алу үшін өзінің мүлкін кепілге қойды.
- Мен банкке несие алу үшін өтініш жаздым.
- Банктен алған несиенің пайызын есептеу қажет.
- Біз несиеге келісіп, шартқа қол қойдық.
- Бұл мақалада несие туралы жазылған.
- обратиться за кредитом
- запрос на кредит
- допустить просрочку по кредиту
- рассчитывать кредит
- проверять кредит
- составить план по кредиту
- обсудить условия кредита
- рассмотрение запроса на кредит
- одобрение запроса на кредит
- Я подал заявку на кредит в банке.
- Он взял кредит на покупку нового дома.
- Мы должны ежемесячно платить кредит.
- Он вовремя погасил все свои банковские кредиты.
- Мы отказались от кредита из-за высоких процентных ставок.
- Он в течение нескольких лет пытался избавиться от кредита.
- Он заложил своё имущество в качестве залога, чтобы получить большую сумму кредита.
- Я написал заявление в банк, чтобы получить кредит.
- Нужно рассчитать проценты по кредиту, полученному в банке.
- Мы согласились на кредит и подписали контракт.
- В этой статье речь идет о кредитах.



- Несиеге байланысты көптеген сұрақтар туындайды.
- Сен қандай несие алғың келеді?
- Несие төлемі ай сайын жүргізіледі.
- Несиенің пайызы өте жоғары екен.
- Ол несие алмауға шешім қабылдады.
- Несиенің пайызы қанша екенін білесіз бе?
- Несиені уақытында төлеу керек.
- Мен банк қызметкерімен несие төлеу мәселесін талқыладым.
- Мен несиеге өтінім бердім, жақында жауап аламын деп үміттенемін.
- Ол жаңа көлік сатып алу үшін несие алды.
- Қарызымды уақтылы төлеу үшін бар күшімді саламын.
- Ол жоғары пайыздық мөлшерлемелерден қорқып, несиеден бас тартты.
- Несиені уақытында қайтару – мен үшін үлкен міндет.
- Ол несие алу үшін үйін кепілге қойды.
- Несиені есептеу кезінде пайыздық мөлшерлеме үлкен рөл атқарады.
- Банк қызметкерімен несиеге қатысты келіссөздер жүргізіп жатырмыз.
- Несие алғаннан кейін барлық талаптарды орындау өте маңызды.
- Возникает много вопросов, связанные с кредитом.
- Какой кредит ты хочешь взять?
- Платеж по кредиту производится ежемесячно.
- Процент по кредиту очень высокий.
- Он решил не брать кредит.
- Знаете ли вы, какая процентная ставка по кредиту?
- Нужно платить все кредиты вовремя.
- Я обсудил с сотрудником банка вопросы оплаты кредита.
- Я подал заявку на кредит и надеюсь в ближайшее время получить ответ.
- Он взял кредит, чтобы купить новый автомобиль.
- Я приложу все усилия, чтобы вовремя погасить свой долг.
- Он испугавшись высоких процентных ставок, отказался от кредита.
- Для меня большая задача – вовремя вернуть кредит.
- Он заложил свой дом, чтобы получить кредит.
- При расчете кредита, процентная ставка играет большую роль.
- Мы ведем переговоры с сотрудником банка по поводу кредита.
- После получения кредита очень важно выполнить все требования.



- Мен банктің қызметкерімен несие бойынша сөйлестім.

- Ол үй сатып алу үшін ұзақ мерзімді несие алды.

- Біз қысқа мерзімді несие алып, қаржылық қиындықтардан тезірек шыққымыз келді.

- Төмен пайызды несие алу үшін мен барлық шарттарды мұқият оқыдым.

- Жоғары пайызды несие алу кезінде тәуекелдер артады.

- Төмен пайызбен несие алу үшін бірнеше банкті салыстырдым.

- Кепілсіз несие алу үшін жоғары пайыздық мөлшерлеме қолданылады.

- Егер несиенің төлемдері тым жоғары болса, оны қайта қаржыландыру арқылы шарттарын жеңілдетуге болады.

- Егер сіз төлемді уақытында жасамасаңыз, банк несиеге шектеу қоюы мүмкін.

- Егер сізде қаржылық қиындықтар туындаса, несие мерзімін ұзарту туралы банкке өтінім жасауға болады.

- Несиеге өтінім берген кезде, барлық қажетті құжаттарды жинап, оларды банкке ұсыну қажет.

- Несиені уақытында қайтару сіздің қаржылық тұрақтылығыңызды көрсетеді.

- Егер сіздің қаржылық жағдайыңыз қиын болса, сізге несие беруден бас тартуы мүмкін.

- Я поговорил с сотрудником банка по поводу кредита.

- Он взял долгосрочный кредит для покупки дома.

- Мы хотели получить краткосрочный кредит и быстрее выйти из финансовых затруднений.

- Я внимательно прочитал все условия, чтобы получить кредит под низкий процент.

- При получении кредита с высокими процентами, риски увеличиваются.

- Для получения кредита под низкий процент я сравнил предложения нескольких банков.

- Для получения кредита без залога применяется высокая процентная ставка.

- Если платежи по кредиту слишком высокие, можно облегчить условия через рефинансирование.

- Если вы не внесёте платёж вовремя, банк может наложить ограничение на кредит.

- Если у вас возникнут финансовые трудности, вы можете подать заявку в банк на продление срока кредита.

- При подаче заявки на кредит необходимо собрать все необходимые документы и предоставить их в банк.

- Своевременное погашение кредита показывает вашу финансовую стабильность.

- Если у вас сложное финансовое положение, вам могут отказать в кредите.



- Егер несие шарттарында өзгерістер болса, банкпен байланысуыңыз қажет.

- Сен жаңа көлік сатып алуды жоспарлап жүрсің бе?

- Иә, мен көлік сатып алу үшін ұзақ мерзімді несие алуды ойлап жүрмін. Бірақ оның пайызы жоғары болмауы үшін тиімді шарттарды іздестіріп жүрмін.

- Бұл – өте дұрыс шешім.

- Мен кепілсіз несие алуды қарастырып жүрмін, бірақ ондай несиелерге көбінесе жоғары пайыздық мөлшерлеме ұсынылады.

- Иә, мен де естідім. Бірақ мен кепілмен несие алуды шештім, өйткені бұл жағдайда пайыздық мөлшерлеме төмен болады.

- Иә, бұл жақсы идея. Бірақ мен кепілсіз несие алғанды жөн санар едім. Бұл менің қаржылық жағдайым үшін қауіпсіз болады.

- Дәл солай сондықтан барлық жағдайларды мұқият ойластырып, шешім қабылдау керек.

- Әрине, несие пайызының жоғары болуы қиын жағдайға әкелуі мүмкін. Сондықтан мен төмен пайызда несие беретін банкті іздестіріп жүрмін, бірақ шарттардың да қолайлы болуы маңызды.

- Сіздің несиеніз туралы сөйлескім келеді.

- Әрине, несиеге байланысты сұрақтарың бар ма?

- Если в условиях кредита произошли изменения, вам необходимо связаться с банком.

- Ты планируешь купить новую машину?

- Да, я подумываю о том, чтобы взять долгосрочный кредит на покупку автомобиля. Но, чтобы процент не был высоким, я ищу выгодные условия.

- Это – очень правильное решение.

- Я рассматриваю возможность взять кредит без залога, но по таким кредитам часто предлагается высокая процентная ставка.

- Да, я тоже слышала. Но я решила взять кредит с залогом, потому что в этом случае процентная ставка будет ниже.

- Да, это хорошая идея. Но я бы предпочел взять кредит без залога, так как это безопаснее для моего финансового положения.

- Именно поэтому нужно тщательно обдумать все варианты и принимать взвешенное решение.

- Конечно, получение кредита с высокой процентной ставкой может привести к трудностям. Поэтому я ищу банк, который предоставляет кредиты с низкой процентной ставкой, но при этом важно, чтобы условия были выгодными.

- Я хотел бы поговорить о вашем кредите.

- Конечно, у тебя есть вопросы, связанные с кредитом?



- Несие алмас бұрын оның шарттарын біліп алған дұрыс деп ойлаймын.

- Менің ойымша, барлық несиелерді уақытында төлеу керек.

- Иә, бұл маңызды. Сіз жақын арада несие аруды жоспарлап отырсыз ба?

- Жоқ, мен несие алмауға шешім қабылдадым.

- Бұл – дұрыс шешім, себебі несие алғаннан кейін қаржы мәселесінде өте қиын жағдайға тап болуыңыз мүмкін.

- Мен несиемді қайта қаржыландыру туралы ойланып жүрмін. Бұл жайлы сен не ойлайсың?

- Несиені қайта қаржыландыру жақсы идея болуы мүмкін. Алайда несиеге шектеу қою мәселесін де қарастыруыңыз қажет.

- Егер төлем жасауда қиындықтар туындаса, несие алуға немесе мерзімін ұзартуға қатысты банкке хабарласуға болады. Бәрін уақытында шешу маңызды.

- Дұрыс айтасың. Несиені жабу және оның төлемін уақытында өтеу маңызды, өйткені бұл несие рейтингіне әсер етуі мүмкін.

- Мен жаңа бизнес бастау үшін несие аруды ойлап жүрмін. Несие алуға келісімшарт жасау туралы не білесің?

- Несие алу үшін банкке өтініш беру немесе сұраныс жолдау қажет. Банк сенің қаржылық жағдайыңды тексеріп, несие шарттарын ұсынады.

- Я думаю, что это хорошая идея – узнать условия кредита, прежде чем брать его.

- Я думаю, что все кредиты нужно выплачивать вовремя.

- Да, это важно. Вы планируете взять кредит в ближайшее время?

- Нет, я принял решение не брать кредит.

- Это – правильное решение, поскольку после взятия кредита вы можете оказаться в очень сложной финансовой ситуации.

- Я подумываю о рефинансировании своего кредита. Что ты об этом думаешь?

- Рефинансирование кредита может быть хорошей идеей. Однако вам также следует учесть вопрос кредитных лимитов.

- Если возникают трудности с оплатой, можно обратиться в банк по поводу получения нового кредита или продления срока. Важно решить всё своевременно.

- Ты прав. Погашение кредита и своевременная оплата по нему – это важно, поскольку это может повлиять на мой кредитный рейтинг.

- Я думаю о том, чтобы взять кредит для нового бизнеса. Что ты знаешь о заключении договора с кредитом?

- Чтобы получить кредит, нужно подать заявление или запрос в банк. Банк проверит твоё финансовое состояние и предложит условия кредита.



- Әрине, сенің несиені төлеуге қабілетті болуың керек. Егер жағдайың қиын болса, несиеден бас тартуға да болады.

- Несиенің сомасын ұлғайту мүмкіндігі бар ма? Маған бизнесімді дамыту үшін қосымша қаржы қажет.

- Конечно, ты должен быть способен платить по кредиту. Если твоя ситуация сложная, можно отказаться от кредита.

- Есть ли возможность увеличить сумму кредита? Мне нужны дополнительные средства для развития бизнеса.



Оқушы, студент

~ қабілетті
~ талантты
~ ақылды
~ еңбекқор
~ жауапты
~ белсенді
~ әдепті
~ зейінді
~ білімді
~ дарынды
~ жақсы
~ сенімді
~ қызығушылығы мол
~ ұқыпты
~ сабырлы
~ төзімді

Ученик, студент

~ способный
~ талантливый
~ умный
~ трудолюбивый
~ ответственный
~ активный
~ вежливый
~ внимательный
~ образованный
~ талантливый
~ хороший
~ надежный
~ заинтересованный
~ аккуратный
~ спокойный
~ терпеливый

Оқушыға, студентке

(**-ға, -ке** - барыс септік/ *дательный падеж*)

~ көмек көрсету – көмек көрсетті
– көмек көрсетеді

Ученику, студенту

~ оказывать помощь – оказал
помощь – оказывает помощь



~ тапсырма беру – тапсырма берді
– тапсырма береді

~ айту – айтты – айтады

~ беру – берді – береді

~ жазу – жазды – жазады

~ түсіндіріп беру – түсіндіріп берді
– түсіндіріп береді

~ сұрақ қою – сұрақ қойды –
сұрақ қояды

~ дать задание – дал задание –
даёт задание

~ сказать – сказал – скажет

~ давать – дал – даёт

~ писать – писал – пишет

~ объяснить – объяснил –
объясняет

~ задать вопрос – задал вопрос –
задаёт вопрос

Оқушыны, студентті

(**-ны, -ті** – табыс септік/*винительный падеж*)

~ марапаттау – марапаттады –
марапаттайды

~ сынау – сынады – сынайды

~ көру – көрді – көреді

~ түсіну – түсінді – түсінеді

~ дайындау – дайындады –
дайындайды

~ жоба қорғауға шақыру – жоба
қорғауға шақырды – жоба
қорғауға шақырады

~ емтиханға дайындау –
емтиханға дайындады –
емтиханға дайындайды

Ученика, студента

~ награждать – наградил –
награждает

~ проверять – проверил –
проверяет

~ увидеть – увидел – увидит

~ понять – понял – понимает

~ готовить – подготовил –
готовит

~ пригласить защитить проект
– пригласил защищать проект –
приглашает защитить проект

~ готовить к экзамену –
подготовил к экзамену – готовит
к экзамену

Оқушыдан, студенттен

(**-дан, -тен** – шығыс септік/*исходный падеж*)

~ жауап алу – жауап алды – жауап
алады

~ сұрау – сұрады – сұрайды

~ есту – естіді – естиді

От ученика, от студента

~ получить ответ – получил ответ
– получает ответ

~ спросить – спросил –
спрашивает

~ слышать – услышал – слышит



~ талдауды талап ету – талдауды
талап етті – талдауды талап етеді

~ требовать анализа – потребовал
анализа – требует анализа

Оқушымен, студентпен

(**-мен, -пен** - көмектес септік/ *творительный падеж*)

~ сөйлесу – сөйлесті – сөйлеседі

~ жұмыс істеу – жұмыс істеді –
жұмыс істейді

~ жүру – жүрді – жүреді

~ кездесу – кездесті – кездеседі

- студенттер туралы

- оқушылар туралы

- неше оқушы?

- студенттер қайда?

- қабілетті оқушылар

- дарынды студенттер

- еңбекқор оқушылар

- жауапты студенттер

- оқушының ата-анасы

- оқушының мұғалімі

- белсенді оқушылар

- зейінді оқушылар

- білімді студенттер

- талантты оқушылар

- студент болу

- жақсы студенттер

- қызығушылығы мол оқушылар

- ұқыпты студенттер

- студенттер үйі

- жатақхана

С учеником, со студентом

~ разговаривать – разговаривал –
разговаривает

~ работать – работал – работает

~ идти – шел – идет

~ встретиться – встретился –
будет встречаться

- о студентах

- о школьниках

- сколько учеников?

- где студенты?

- способные ученики

- одаренные студенты

- трудолюбивые ученики

- ответственные студенты

- родители ученика

- учитель ученика

- активные ученики

- внимательные ученики

- образованные студенты

- талантливые ученики

- быть студентом

- хорошие студенты

- заинтересованные ученики

- аккуратные студенты

- дом студентов

- общежитие



- студенттердің қасында
- оның оқушысы
- менің студентім
- студент сияқты
- оқушымен бірге
- студенттер үйінің жанында
- мектептің оң жағында
- оқушының сыныбы
- Оқушылар сабаққа қатысады және жаңа материалды меңгереді.
- Студенттер ғылыми жұмыспен айналысады және түрлі жобаларды қорғайды.
- Мұғалім оқушыға жаңа тапсырма береді.
- Үздік оқушыны медальмен марапаттады.
- Студентті күрделі тақырыпты талқылауға шақырды.
- Мұғалім оқушыдан сұрақтың жауабын алып, оның пікірін тыңдады.
- Студенттен курстық жұмыс туралы қосымша ақпарат ұсынуын талап етті.
- Оқытушы студентпен бірге жобаны талқылап, қажетті өзгерістерді енгізді.
- Студенттер кітапханада емтиханға дайындалды.
- Оқушылар туралы мәліметтер алынды.
- Кеше сабаққа неше оқушы қатысқанын білесің бе?
- рядом со студентами
- его ученик
- мой студент
- как студент
- с учеником
- рядом с домом студентов
- с правой стороны школы
- класс ученика
- Ученики участвуют в занятиях и осваивают новый материал.
- Студенты занимаются научной работой и защищают различные проекты.
- Учитель дает ученику новое задание.
- Выдающегося ученика наградили медалью.
- Студента пригласили для обсуждения сложной темы.
- Учитель получил ответ на вопрос от ученика и выслушал его мнение.
- От студента требовалось предоставить дополнительную информацию о курсовой работе.
- Преподаватель вместе со студентом обсудил проект и внес необходимые изменения.
- Студенты готовились к экзамену в библиотеке.
- Получены данные о школьниках.
- Ты в курсе, вчера сколько учащихся присутствовало на занятии?



- Студенттер қай мекемеде өндірістік тәжірибеден өтеді?

- Бүгін химия сабағында жаңа қиын есеп шығардық.

- Қабілетті оқушылар әрдайым жоғары нәтижелерге жетеді.

- Студенттер ғылыми жобаларға қатысып, көптеген жаңалықтар ашты.

- Оқушылар әрқашан тапсырмаларды уақытында орындап, жоғары бағалар алады.

- Жауапты студенттер өз міндеттерін әрқашан дер кезінде орындайды және өзгелерге үлгі болады.

- Оқушылардың білімге деген құштарлығы маңызды.

- Студенттердің қандай мамандықта оқитынын білсең, олардың болашағын болжауға болады.

- Мектепті бітіргеннен кейін оқушылардың көпшілігі жоғары оқу орындарына түседі.

- Қабілетті оқушылар мұғалімдердің назарын әрдайым өздеріне аударады.

- Студенттер университетте жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

- Оқушылар өз мақсаттарына жету үшін бар күшін салады.

- Студенттер тапсырмаларды уақытында орындайды.

- В каком учреждении студенты проходят производственную практику?

- Сегодня на уроке химии мы решили новую сложную задачу.

- Способные ученики всегда достигают высоких результатов и демонстрируют свои сильные стороны.

- Студенты участвовали в научных проектах и открыли много новшеств.

- Ученики всегда выполняют задания вовремя и получают высокие оценки.

- Ответственные студенты всегда своевременно выполняют свои обязанности и служат примером для других.

- Важно, что у учеников есть стремление к знаниям.

- Если знаешь, по какой специальности учатся студенты, можно предположить их будущее.

- После окончания школы большинство учащихся поступают в высшие учебные заведения.

- Способные ученики всегда привлекают внимание учителей к себе.

- Студенты добились высоких результатов в университете.

- Ученики прилагают все усилия, чтобы достичь своих целей.

- Студенты выполняют задания вовремя.



- Оқушының ата-анасы мектеппен тығыз байланыс орнатып, баласының оқу үлгерімін үнемі қадағалап отырады.

- Мұғалім оқушының жетістігін мақтан етіп, болашақта бұдан да үлкен жетістіктерге жетелейтініне сенімді.

- Оқушылар үнемі сабаққа және мектептегі іс-шараларға белсене қатысады.

- Оқушылар сабақты мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді.

- Студенттер өздерінің ғылыми зерттеулерін үнемі жаңартып, білім алуға үздік нәтижелерге қол жеткізеді.

- Оқушылар сабақтан тыс уақытта қосымша үйірмелерге қатысады.

- Студент болу – білім алу ғана емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктер мен тәжірибе жинау.

- Мұғалім оқушылардың үй тапсырмаларын күнде тексереді.

- Студенттер конференцияда ғалымдардың жұмысымен танысты.

- Дарынды оқушылар әрқашан топтық тапсырмаларда көшбасшы болып, өз сыныптастарына көмектеседі.

- Оқушылар жаңа ақпаратты оңай меңгеріп, қосымша зерттеулер жүргізуді ұнатады.

- Ата-ана баласының білімін үнемі қадағалап отырады.

- Оқушылар мектептің қоғамдық жұмысына да белсене қатысады.

- Родители ученика устанавливают тесную связь со школой и постоянно следят за успеваемостью своего ребёнка.

- Учитель гордится успехами ученика и уверен, что они приведут его к еще большим достижениям в будущем.

- Ученики всегда активно участвуют на уроках и в школьных мероприятиях.

- Ученики внимательно слушают урок и отвечают на вопросы.

- Студенты постоянно обновляют свои научные исследования и добиваются высоких результатов в обучении.

- Учащиеся во внеурочное время посещают дополнительные кружки.

- Быть студентом – это не только получать знания, но и накапливать новый опыт и возможности.

- Учитель ежедневно проверяет домашние задания учащихся.

- Студенты ознакомились с работой учёных на конференции.

- Одарённые ученики всегда являются лидерами в групповых заданиях и помогают своим одноклассникам.

- Учащиеся легко усваивают новую информацию и любят проводить дополнительные исследования.

- Родители постоянно следят за успеваемостью своего ребёнка.

- Учащиеся активно участвуют не только в учебе, но и в общественной работе школы.



- Оқушылар сабақта мұғалімді мұқият тыңдап, сұрақтар қойып, білімдерін тереңдете түседі.

- Оқушылар пәндік олимпиадада жоғары нәтижелерге ие болды.

- Дарынды оқушылар шығармашылық қабілеттерін шыңдау үшін байқауларға қатысады.

- Студент болу – бұл жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өмірдің жаңа кезеңіне қадам басу.

- Студенттер оқуда және элеуметтік салада өздерін үнемі жетілдіріп, жақсы нәтижелер көрсетеді.

- Оқушылар білімдерін кеңейту үшін қосымша курстар мен шеберлік-сабақтарға қатысады.

- Ұқыпты оқушы уақытын тиімді пайдаланып, барлық тапсырманы дер кезінде орындайды.

- Студенттер үйі оқу ғимаратының жанында орналасқан.

- Мен студенттердің жанында жиі боламын, олардың идеялары мен пікірлерін тыңдаймын.

- Студенттер күрделі мәселені сабырмен шешуге тырысады.

- Кеше студенттер ғылыми конференцияда өз зерттеулерін ұсынды және көптеген сұрақтарға жауап берді.

- Бүгін оқушылар мектептен тыс экскурсияға шығады.

- Жатақхананың жанында кітапхана мен жаттығу залы бар.

- Учащиеся внимательно слушают учителя на уроке, задают вопросы и углубляют свои знания.

- Ученики показали высокие результаты на предметной олимпиаде.

- Одаренные учащиеся участвуют в конкурсах для развития творческих способностей.

- Быть студентом – значит открыть путь к новым возможностям и сделать шаг в новый этап жизни.

- Студенты постоянно совершенствуются в учёбе и социальной сфере, показывая хорошие результаты.

- Учащиеся посещают дополнительные курсы и мастер-классы, чтобы расширить свои знания.

- Аккуратный ученик эффективно использует своё время и выполняет все задания своевременно.

- Студенческий дом расположен рядом с учебным корпусом.

- Я часто нахожусь рядом со студентами, слушаю их идеи и мнения.

- Студенты пытаются спокойно решить сложную проблему.

- Вчера студенты представили свои исследования на научной конференции и ответили на многие вопросы.

- Сегодня учащиеся выходят на внешкольную экскурсию.

- Рядом с общежитием есть библиотека и тренажерный зал.



- Мектептің оң жағында жаңа спорт кешені салынады.

- Мұғалім сыныпқа жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын әкелді.

- Оқушымен бірге ғылыми жоба әзірледік, енді ғалымдардың пікірлері мен ұсыныстарын тыңдаймыз.

- Студенттер жаңа пәндерді үйренуге және өз білімдерін жетілдіруге ұмтылады.

- Сәлем! Қайда барасың?

- Сәлем! Кітапханаға бара жатырмын, олимпиадаға дайындалып жүрмін.

- Өте жақсы! Мен де бүгін тапсырмаларды аяқтауды жоспарлап отырмын. Қандай пәндерден дайындалып жүрсің?

- Биология мен химия. Ал сен қандай пәндерге дайындалдың?

- Мен экономика мен математиканы оқып жүрмін. Кітапханаға барасың ба? Бірге барайық.

- Жақсы. Қажетті ақпаратты бірге іздейміз.

- Бүгін біз жобамызды аяқтаймыз. Менің әлі бірнеше дерек жинап, талдау жасауым керек.

- Ааа, жақсы. Біз химиядан бейорганикалық заттарды зерттеп жатырмыз. Сен қандай тақырыппен жұмыс істеп жатырсың?

- Біз экология және қалдықтарды қайта өңдеу тақырыбында жоба жазып жатырмыз. Ал сендер ше?

- Справа от школы будет построен новый спортивный комплекс.

- Учитель привез в класс новые учебники и учебные пособия.

- Вместе с учеником мы разработали научный проект, а теперь заслушаем мнения и предложения ученых.

- Студенты стремятся учить новые предметы и совершенствовать свои знания.

- Привет! Куда ты идёшь?

- Привет! Я иду в библиотеку, готовлюсь к олимпиаде.

- Очень хорошо! Я тоже планирую сегодня закончить задания. А к какому предмету ты готовишься?

- Я учу биологию и химию. А по каким предметам ты готовился?

- Я учу экономику и математику. Ты идёшь в библиотеку? Давай, вместе пойдем.

- Хорошо. Мы вместе ищем необходимую информацию.

- Сегодня закончим наш проект. Мне еще нужно собрать несколько данных и провести анализ.

- О, отлично. Мы изучаем неорганические вещества на химии. Какую тему ты сейчас изучаешь?

- Мы пишем проект на тему экологии и переработки отходов. А вы?



- Біз ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект жобасымен жұмыс істеп жатырмыз. Бұл өте қызықты тақырып екен.

- Иә, мен де солай ойлаймын! Бұл тақырыпта жаңа идеялар өте көп. Қаласаң, бірге талқылауымызға болады!

- Керемет, мен саған көмектесе аламын. Мен де сенің жобаң туралы көбірек білгім келеді.

- Жобаңызды сәтті қорғауыңызға тілектеспін!

- Рақмет сізге!

- Мы работаем над проектом по информационным технологиям и искусственному интеллекту. Это очень интересная тема.

- Да, я тоже так думаю! В этой теме много новых идей. Если хочешь, можем обсудить вместе!

- Отлично, я могу тебе помочь. А я тоже хочу узнать побольше о твоём проекте.

Желаю вам успешной защиты вашего проекта!

- Спасибо!



Өнеркәсіп, кәсіпорын

- ~ жаңа
- ~ үлкен, ірі
- ~ заманауи
- ~ тиімді
- ~ жергілікті
- ~ қуатты
- ~ дамыған
- ~ шағын
- ~ жоғары технологиялы
- ~ инновациялық
- ~ жекеменшік
- ~ табысты

Промышленность, предприятие

- ~ новый
- ~ большой, крупный
- ~ современный
- ~ эффективный
- ~ местный
- ~ мощный
- ~ развитый
- ~ малый
- ~ высокотехнологичный
- ~ инновационный
- ~ частный
- ~ успешный



Өнеркәсіпке, кәсіпорынға

(**-ке, -ға** - барыс септік / *дательный падеж*)

~ инвестиция тарту – инвестиция тартты – инвестиция тартады

~ құрал-жабдық әкелу – құрал-жабдық әкелді – құрал-жабдық әкеледі

~ сұраныс арту – сұраныс артты – сұраныс артады

~ жұмыс күшін тарту – жұмыс күшін тартты – жұмыс күшін тартады

~ капитал салу – капитал салды – капитал салады

~ инновациялар енгізу – инновациялар енгізді – инновациялар енгізеді

К промышленности, к предприятию

~ привлекать инвестиции – привлекал инвестиции – привлекает инвестиции

~ привезти оборудование – привез оборудование – привозит оборудование

~ увеличиваться в спросе – увеличивал в спросе – увеличивается в спросе

~ привлекать рабочую силу – привлекал рабочую силу – привлекает рабочую силу

~ вложить капитал – вложил капитал – вкладывает в капитал

~ внедрять инновации – внедрял инновации – внедряет инновации

Өнеркәсіпті, кәсіпорынды

(**-ті, -ды** - табыс септік / *винительный падеж*)

~ дамыту – дамытты – дамытады

~ басқару – басқарды – басқарады

~ жаңғырту – жаңғыртты – жаңғыртады

~ қайта құру – қайта құрды – қайта құрады

~ кеңейту – кеңейтті – кеңейтеді

~ оңтайландыру – оңтайландырды – оңтайландырады

Промышленность, предприятие

~ развивать – развивал – развивает

~ управлять – управлял – управляет

~ модернизировать – модернизировал – модернизирует

~ реконструировать – реконструировал – реконструирует

~ расширять – расширял – расширяет

~ оптимизировать – оптимизировал – оптимизирует



~ жаңарту – жаңартты –
жаңартады

~ автоматтандыру –
автоматтандырды –
автоматтандырады

~ обновить – обновил –
обновляет

~ автоматизировать
– автоматизировал –
автоматизирует

Өнеркәсіпте, кәсіпорында

В промышленности, на предприятии

(-те, -да - жатыс септік/ *местный падеж*)

~ жұмыс істеу – жұмыс істеді –
жұмыс істейді

~ работать – работал – работает

~ ресурстарды үнемдеу
– ресурстарды үнемдеді –
ресурстарды үнемдейді

~ экономить ресурсы – экономил
ресурсы – экономит ресурсы

~ ынтымақтастық/әріптестік
орнату – ынтымақтастық/
әріптестік орнатты –
ынтымақтастық/әріптестік
орнатады

~ установить сотрудничество –
установил сотрудничество –

устанавливает сотрудничество

~ қауіпсіздік ережесін сақтау

~ соблюдать правил
безопасности

Өнеркәсіптен, кәсіпорыннан

Из промышленности, с предприятия

(-тен, -нан - шығыс септік/ *исходный падеж*)

~ шикізат алу – шикізат алды –
шикізат алады

~ получать сырьё – получал
сырьё – получает сырьё

~ тауар шығару – тауар шығарды –
тауар шығарады

~ производить товар –
производил товар – производит
товар

~ зиянды заттарды шығару –
зиянды заттарды шығарды –
зиянды заттарды шығарады

~ выбрасывать вредные вещества
– выбрасывал вредные вещества
– выбрасывает вредные вещества

– өнеркәсіп туралы

– о промышленности

– кәсіпорын жөнінде

– о предприятии

– заманауи өнеркәсіп

– современное производство



- | | |
|---|--|
| - жергілікті кәсіпорын | - местное предприятие |
| - қуатты өнеркәсіп | - мощная промышленность |
| - дамыған өнеркәсіп | - развитая промышленность |
| - шағын кәсіпорын | - малое предприятие |
| - жоғары технологиялы өнеркәсіп | - высокотехнологичная промышленность |
| - инновациялық өнеркәсіп | - инновационная промышленность |
| - кәсіпорынның жұмысы | - работа предприятия |
| - жаңа өнеркәсіптер | - новые промышленности |
| - ірі өнеркәсіптер | - крупные промышленности |
| - заманауи кәсіпорындар | - современные предприятия |
| - жергілікті кәсіпорындар | - местные предприятия |
| - өнеркәсіптің қасында | - рядом с промышленностью |
| - кәсіпорындардың ішінде | - внутри предприятий |
| - жеке кәсіпорындар | - частные предприятия |
| - табысты кәсіпорындар | - успешные предприятия |
| - өнеркәсіпті дамыту | - развивать промышленность |
| - өнеркәсіпте жұмыс істеу | - работать в промышленности |
| - сапалы өнім алу | - получить качественную продукцию |
| - кәсіпорынға кіру | - войти на предприятие |
| - кәсіпорынды салу | - построить предприятие |
| - кәсіпорында шикізатты өндіру | - на предприятии производить (добывать/перерабатывать) сырьё |
| - өнеркәсіптен шығу | - выйти из промышленности |
| - жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығару | - увольнение по инициативе работодателя |
| - өнеркәсіппен айналысу | - заниматься промышленностью |
| - кәсіпорынды басқару | - управлять предприятием |
| - өнеркәсіпке бару | - поехать в промышленность |



- | | |
|--|---|
| - өнеркәсіптің жұмысын зерттеу | - исследование работы промышленности |
| - өнеркәсіптен материал алу | - получать материалы от промышленности |
| - өнеркәсіп өкілімен серіктес болу | - партнерство с представителем промышленности |
| - кәсіпорынды жөндеу | - ремонт предприятия |
| - өнеркәсіпті дамыту | - развитие промышленности |
| - кәсіпорында болу | - находиться на предприятии |
| - кәсіпорында жұмыс істеу | - работать на предприятии |
| - өнеркәсіпке инвестиция салу | - инвестировать в промышленность |
| - өнеркәсіпті жаңғырту | - модернизировать промышленность |
| - өнеркәсіптің дамуы | - развитие промышленности |
| - кәсіпорында дайындау | - изготовить на предприятии |
| - өнеркәсіпте пайда табу | - получать прибыль в промышленности |
| - кәсіпорыннан бөліну | - отделиться от предприятия |
| - жаңа жобаларды өнеркәсіпке бағыттау | - направить новые проекты в промышленность |
| - өнеркәсіпті дамыту жоспары | - план развития промышленности |
| - өнеркәсіпте жаңа технологияларды қолдану | - применение новых технологий на предприятии |
| - кәсіпорынға қаржылай көмек көрсету | - оказать финансовую помощь предприятию |
| - кәсіпорында кездесу ұйымдастыру | - организовать встречу на предприятии |
| - кәсіпорында қызмет атқару | - работать на предприятии |
| - өнеркәсіпте өнім шығару | - выпускать продукцию из промышленности |
| - өнеркәсіппен әріптестік орнату | - наладить сотрудничество с промышленностью |



- | | |
|---|--|
| - кәсіпорында өндіріс үдерісін автоматтандыру | - автоматизировать процесс производства на предприятии |
| - өнеркәсіпте жаңа технологиялар енгізу | - внедрять новые технологии на промышленности |
| - кәсіпорынды қайта ұйымдастыру | - реорганизовать предприятие |
| - өнеркәсіппен серіктестік қатынас орнату | - установить партнёрские отношения с промышленностью |
| - өнеркәсіпке сұраныс артады | - увеличиться спрос на промышленность |
| - кәсіпорынға жұмыс күшін тарту | - привлечь рабочую силу на предприятие |
| - өнеркәсіпті кеңейту | - расширять промышленность |
| - кәсіпорынды оңтайландыру | - оптимизировать предприятие |
| - өнеркәсіпте қауіпсіздік шараларын күшейту | - усилить меры безопасности в промышленности |
| - кәсіпорында есеп жүргізу | - вести учет на предприятии |
| - өнеркәсіптегі ресурстарды үнемдеу | - экономить ресурсы в промышленности |
| - кәсіпорыннан тауар шығару | - выпускать товары с предприятия |
| - өнеркәсіпте тәжірибе алмасу | - обмен опытом в промышленности |
| - кәсіпорында жаңа жобаны бастау | - начало нового проекта на предприятии |
| - өнеркәсіпке инновациялар енгізу | - внедрять инновации в промышленность |
| - кәсіпорынға капитал салу | - вложить капитал в предприятие |
| - өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шаралар | - меры, направленные на развитие промышленности |
| - кәсіпорынды жаңарту | - модернизировать предприятие |
| - өнеркәсіпте білікті мамандарды даярлау | - готовить квалифицированных специалистов в промышленности |
| - кәсіпорында қызметкерлерді оқыту | - обучать сотрудников на предприятии |



- өнеркәсіптен экологиялық зиянды заттарды шығару
- кәсіпорынмен шарт жасасу
- өнеркәсіп туралы маңызды ақпарат
- Кәсіпорын туралы барлық қажетті ақпаратты интернеттен табуға болады.
- Заманауи өнеркәсіп жаңа технологияларды қолдануды қажет етеді.
- Кәсіпорын жұмыс күші мен ресурстарды ұтымды пайдалануы тиіс.
- Жергілікті кәсіпорындар экономикасының дамуына зор үлес қосады.
- Қуатты өнеркәсіп елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
- Өнеркәсіп елдің халықаралық нарықтағы орнын нығайтады.
- Шағын кәсіпорындар жергілікті экономиканы дамытуға көмектеседі.
- Кәсіпорындар табиғатты қорғау шараларын қатаң сақтайды.
- Жоғары технологиялық өнеркәсіп өнімдері елде жоғары сапалы өнімдерімен ерекшеленеді.
- Инновациялық өнеркәсіп жаңа өнімдер мен қызметтерді дамытуға бағытталған.
- выводит экологически вредные вещества из промышленности
- заключить контракт с предприятием
- важная информация о промышленности
- Всю необходимую информацию о предприятии можно найти в интернете.
- Современная промышленность требует использования новых технологий.
- Предприятие должно оптимально использовать рабочую силу и ресурсы.
- Местные предприятия вносят значительный вклад в развитие экономики.
- Мощная промышленность обеспечивает экономическую стабильность страны.
- Промышленность укрепляет положение страны на международном рынке.
- Малые предприятия помогают развивать местную экономику.
- Предприятия строго соблюдают меры по охране природы.
- Продукция высокотехнологичной промышленности отличается высоким качеством продукции в стране.
- Инновационная промышленность ориентирована на разработку новых продуктов и услуг.



- Кәсіпорынның жұмысы өндірістің тиімділігі мен тұрақтылығына байланысты.

- Өнеркәсіптің ғимараты заманауи құрылыс талаптарына сай салынған.

- Жаңа кәсіпорындар инновациялық технологиялармен жабдықталған.

- Ірі кәсіпорындар елдің экономикасына маңызды әсер етеді.

- Бүгінгі таңда кәсіпорындар автоматтандырылған өндіріс жүйелерін қолданады.

- Кәсіпорындар шығындарды азайтып, пайданы арттыруға мүмкіндік береді.

- Ірі кәсіпорындар әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті.

- Кәсіпорындар жаңа технологияларды енгізуге ерекше көңіл бөлуде.

- Ірі өнеркәсіп салалары жоғары сапалы өнімдер шығарады.

- Кәсіпорындар – экономиканың негізі.

- Жоғары технологиялық өнеркәсіп салалары әлемдік деңгейдегі сапалы өнім шығарады.

- Инновациялық кәсіпорындар жаңа технологияларды енгізуге бағытталған.

- Работа предприятия зависит от эффективности и стабильности производства.

- Здание промышленности построено в соответствии с современными строительными требованиями.

- Новые предприятия оснащены инновационными технологиями.

- Крупные предприятия оказывают значительное влияние на экономику страны.

- На сегодняшний день предприятия используют автоматизированные производственные системы.

- Предприятия позволяют сократить затраты и увеличить прибыль.

- Крупные предприятия конкурентоспособны на мировом рынке.

- В предприятиях уделяется особое внимание внедрению новых технологий.

- Крупные отрасли промышленности производят продукцию высокого качества.

- Предприятия – основа экономики.

- Высокотехнологичные отрасли промышленности производят продукцию мирового уровня качества.

- Инновационные предприятия направлены на внедрение новых технологий.



- Жеке кәсіпорындар өз бизнесін дамыту бойынша шешімдерді дербес қабылдайды.

- Өнеркәсіп нысандарын аралау үшін арнайы рұқсат алу қажет.

- Өнеркәсіпті дамыту үшін инновациялық шешімдер қажет.

- Өнеркәсіпте кәсіби мамандардан жоғары біліктілікті талап етеді.

- Өнеркәсіпте өнімді алу үдерісі жоғары технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

- Кәсіпорынның негізгі мақсаты – табыс табу.

- Кәсіпорынды салу үшін жоспар құрып, құрылыс жұмыстарын жүргізу қажет.

- Кәсіпорында өндіру үдерісі автоматтандырылған.

- Кәсіпорын мемлекеттік, жекеменшік немесе аралас болуы мүмкін.

- Кәсіпорынды басқару тиімді стратегияны және дұрыс ұйымдастыруды қажет етеді.

- Өнеркәсіпті дамыту жоспары Үкіметтің экономикалық стратегиясымен байланысты.

- Өнеркәсіпте жаңа технологияларды қолдану өндіріс тиімділігін арттырады.

- Частные предприятия принимают самостоятельные решения по развитию своего бизнеса.

- Для посещения промышленности необходимо получить специальное разрешение.

- Для развития промышленности необходимы инновационные решения.

- Промышленность требует высокой квалификации от профессиональных специалистов.

- В промышленности процесс получения продукции осуществляется с использованием высоких технологий.

- Основная цель предприятия – получение прибыли.

- Для строительства предприятия необходимо составить план и провести строительные работы.

- Процесс производства на предприятии автоматизирован.

- Предприятие может быть государственным, частным или смешанным.

- Управление предприятием требует эффективной стратегии и правильной организации.

- План развития промышленности связан с экономической стратегией Правительства.

- Применение новых технологий в промышленности повышает эффективность производства.



- Өнеркәсіптен шикізат алу табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды талап етеді.

- Кәсіпорынға қаржылай көмек көрсету – оның дамуы үшін маңызды қадам.

- Тапсырыс алу бизнесте жаңа мүмкіндіктер ашуға септігін тигізеді.

- Кәсіпорында өндіріс үдерісін автоматтандыру өнімнің сапасын арттырады.

- Кәсіпорынды қайта құру жаңа нарыққа шығуға мүмкіндік береді.

- Тауарға сұраныстың артуы өндіріс көлемінің ұлғаюына әкеледі.

- Өнімнің сапасын арттыру үшін жұмыс күшін тарту маңызды.

- Өнеркәсіпті кеңейту жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

- Кәсіпорынды оңтайландыру шығындарды азайтуға және тиімділікті арттыруға көмектеседі.

- Өнеркәсіптегі қауіпсіздік шараларын күшейту жұмысшылардың өмірін қорғауға бағытталған.

- Кәсіпорында есеп жүргізу қаржының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

- Өнеркәсіпте ресурстарды үнемдеу қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі.

- Получение сырья от промышленности требует эффективного использования природных ресурсов.

- Финансовая помощь предприятию является важным шагом для его развития.

- Получение заказов способствует открытию новых возможностей в бизнесе.

- Автоматизация производственного процесса на предприятии повышает качество продукции.

- Реорганизация предприятия позволит выйти на новый рынок.

- Увеличение спроса на товар приводит к увеличению объемов производства.

- Для повышения качества продукции важно привлечь рабочую силу.

- Расширение промышленности позволит создать новые рабочие места.

- Оптимизация предприятия помогает снизить затраты и увеличить эффективность.

- Усиление мер безопасности в промышленности направлено на защиту жизни рабочих.

- Ведение учета на предприятии обеспечивает устойчивость финансов.

- В промышленности экономия ресурсов помогает защитить окружающую среду.



- Кәсіпорында тауар шығару сапа стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

- Өнеркәсіпке инновациялар енгізу өндірісті жаңартуға мүмкіндік береді.

- Кәсіпорынға капитал салу оның дамуын жылдамдатады.

- Өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шаралар экономиканың өсуіне ықпал етеді.

- Кәсіпорынды жаңарту өндіріс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

- Қызметкерлерді кәсіпорында біліктілікті арттыру курстарына қайта даярлау олардың кәсіби деңгейін арттыруға көмектеседі.

- Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін өнеркәсіптен экологиялық зиянды заттардың шығарылуын бақылау керек.

- Кәсіпорында жаңа өнім шығару нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

- Өнеркәсіп арасында халықаралық байланыстар орнату әлемдік нарыққа шығуды жеңілдетеді.

- Кәсіпорын арасында ұзақ мерзімді келісімшарт жасасу – сенімді серіктестіктің негізі.

- Сәлеметсіз бе, сіздің кәсіпорынға қатысты жобаларыңыз қалай жүріп жатыр?

- Производство товаров на предприятии осуществляется в соответствии с качественными стандартами.

- Внедрение инноваций в промышленность дает возможность обновить производство.

- Вложение капитала в предприятие ускоряет его развитие.

- Меры направленные на развитие промышленности, способствуют экономическому росту.

- Обновление предприятия позволяет улучшить качество производства.

- Переподготовка сотрудников на курсы повышения квалификации на предприятии помогает повысить их профессиональный уровень.

- Чтобы не нанести вред окружающей среде, необходимо следить за выбросом экологически вредных веществ из промышленности.

- Производство нового продукта на предприятии увеличивает конкурентоспособность на рынке.

- Установление международных связей между промышленностью облегчает выход на мировой рынок.

- Заключение долгосрочного контракта между предприятием – основа надежного партнерства.

- Здравстуйте, как продвигаются ваши проекты, связанные с предприятием?



- Сәлем! Жақсы. Қазір біз өнеркәсіпте жаңа технологияларды енгізу қатысты жұмыс істеп жатырмыз. Бұл өндірісті тиімдірек етуге мүмкіндік береді.

- Өнеркәсіпті дамыту үшін жаңа жобаларды іске қосу қажет. Сонымен қатар экологиялық зиянды заттарды шығару мәселелері маңызды.

- Дәл солай! Экологиялық мәселелерге назар аудару керек. Ал кәсіпорында қандай жобалар жүзеге асырылуда?

- Біз де жаңа өнімдер шығаруға бағытталған жобаларды іске қосудамыз. Қазір біз өнімнің сапасын жақсартуға және ресурстарды үнемдеуге көп көңіл бөлеміз.

- Керемет! Біз де осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Кәсіпорындар арасында тәжірибе алмасу өте пайдалы.

- Әрине! Өнеркәсіптің дамуына бағытталған шараларды бірлесіп атқаратын болсақ, екі тарап та ұтады.

- Сәлем! Өнеркәсіпте соңғы уақытта қандай өзгерістер болды?

- Қандай жаңа технологиялар қолданылады? Өнеркәсіпті дамыту жоспары бар ма?

- Привет! Всё хорошо. Сейчас мы работаем над внедрением новых технологий в промышленности. Это поможет стать производству более эффективным.

- Ты прав! Для развития промышленности нужно запускать новые проекты. Кроме того, важно решать проблемы с выбросом экологически вредных веществ.

- Совершенно верно! Нужно обращать внимание на экологические вопросы. А какие проекты у тебя реализуются на предприятии?

- Мы тоже запускаем проекты, направленные на производство новых продуктов. Сейчас уделяем много внимания улучшению качества продукции и экономии ресурсов.

- Отлично! Мы тоже работаем в этом направлении. Обмен опытом между предприятиями очень полезен.

- Конечно! Если мы будем совместно работать над мерами, направленными на развитие промышленности, оба партнера только выиграют.

- Привет! Какие изменения произошли в промышленности в последнее время?

- Какие новые технологии применяются? Есть ли, план по развитию промышленности?



- Иә, жаңа технологиялардың бірі – роботтандырылған өндіріс желілері. Біз сондай-ақ, өнеркәсіптегі қауіпсіздік шараларын күшейтуді жоспарлап отырмыз.

- Жақсы жаңалық екен! Кәсіпорынға жұмыс күшін тарту жайлы не айтасың?

- Біз жұмыс күшін тарту үшін білікті мамандарды даярлау бағдарламасын іске қосқалы жатырмыз. Қызметкерлерді оқыту – маңызды қадам.

- Өте дұрыс! Сондай-ақ кәсіпорын арасында халықаралық байланыс орнату да өнеркәсіптің дамуына үлкен әсер етеді, солай емес пе?

- Әрине, халықаралық байланыстар өте маңызды. Бұл бағытта әлемдік нарыққа шығу үшін әртүрлі серіктестермен ынтымақтастық орнатудамыз.

- Да, одна из новых технологий – это роботизированные производственные линии. Мы также, планируем усилить меры безопасности в промышленности.

- Это отличная новость! А как насчет привлечения рабочей силы на предприятие?

- Мы запускаем программу подготовки квалифицированных специалистов для привлечения рабочей силы. Обучение сотрудников – это важный шаг.

- Совершенно верно! Также, установление международных связей между предприятиями также окажет большое влияние на развитие промышленности, не так ли?

- Конечно, международные связи очень важны. В этом направлении мы сотрудничаем между различными партнерами для выхода на мировой рынок.

Өтініш

(-тер – көптік жалғау/ множественное число)

~ ресми өтініш

~ шағым

~ қаржы туралы өтініш

~ келісім жасасу туралы өтініш

~ іссапар туралы өтініш

~ қызметтік жазба

~ демалыс туралы өтініш

~ тағылымдамадан өту туралы өтініш

Заявление

~ официальное заявление

~ жалоба

~ заявление о финансах

~ просьба о заключении соглашения

~ просьба о командировке

~ служебная записка

~ заявление на отпуск

~ заявление о прохождении стажировки



~ төлем туралы өтініш

~ несие алу туралы өтініш

~ атаулы көмек алу туралы өтініш

~ медициналық көмек көрсету
туралы өтініш

~ заявление об оплате

~ заявление на получение
кредита

~ заявление на получение
адресной помощи

~ заявление на оказание
медицинской помощи

Өтінішке

(**-ке** - барыс септік/ *дательный падеж*)

~ жауап беру – жауап берді – жауап
береді

~ қол қою – қол қойды – қол қояды

~ құжаттарды қоса жіберу
– құжаттарды қоса жіберді –
құжаттарды қоса жібереді

Заявлению

~ ответить – ответил – ответит

~ подписать – подписал –
подпишет

~ приложить документы –
приложил документы –
приложит документы

Өтінішті

(**-ті** - табыс септік/ *винительный падеж*)

~ қабылдау – қабылдады –
қабылдайды

~ тапсыру – тапсырды – тапсырады

~ қарастыруды сұрау – қарастыруды
сұрады – қарастыруды сұрайды

~ рәсімдеу – рәсімдеді – рәсімдейді

~ қарау – қарады – қарайды

~ түсіндіру – түсіндірді – түсіндіреді

Заявление

~ принять – принял – примет

~ подать – подал – подаст

~ просить о рассмотрении –
запросил рассмотреть – просит
рассмотрение

~ оформить – оформил –
оформит

~ рассмотреть – рассмотрел –
рассмотрит

~ объяснить – объяснил –
объяснит



Өтініште

В заявление

(**-те** - жатыс септік/ *местный падеж*)

~ нақты көрсету – нақты көрсетті –
нақты көрсетеді

~ ақпаратты көрсету – ақпаратты
көрсетті – ақпаратты көрсетеді

- өтініш туралы

- өтініштен кейін

- ресми өтініш

- өтініш жазу

- өтініш керек

- өтініштің ішінде

- өтініш жоқ

- өтінішке байланысты

- бірдей өтініш

- түрлі өтініштер

- өтініштің мазмұны

- келесі өтініш

- өтінішті рәсімдеу

- құжаттарды рәсімдеу

- өтінішті қарастыру

- өтінішті тапсыру

- мәліметтерді сәйкестендіру

- құжаттарды сәйкестендіру

- құжаттарды сұрау

- ақпаратты ұсыну

- құжаттарды ұсыну

- өтінішті қабылдау

- ақпараттарды көрсету

- ақпаратты шығарып алу

~ указать точно – указал точно –
укажет точно

~ показать информацию –
показал информацию – показывает
информацию

- о заявлении

- после заявления

- официальное заявление

- написать заявление

- нужно заявление

- в заявлении

- нет заявления

- в связи с заявлением

- одинаковое заявление

- различные заявления

- содержание заявления

- следующее заявление

- оформить заявление

- оформить документы

- рассмотреть заявление

- подать заявление

- идентификация данных

- идентификация документов

- запросить документы

- предоставить информацию

- предоставить документы

- принять заявление

- демонстрировать информацию

- извлечь/получить информацию



- | | |
|--|--|
| - жұмыстан босату, жұмыстан шығару | - освободить от работы, уволить |
| - Қандай өтініш? | - Какое заявление? |
| - басқа жұмысқа ауысуына байланысты | - в связи с переходом на другую работу |
| - отбасы жағдайына байланысты | - в связи с семейным положением |
| - талаптарға байланысты | - в зависимости от требований |
| - жағдайға байланысты | - в зависимости от ситуации |
| - зейнеткерлікке шығуына байланысты | - в связи с уходом на пенсию |
| - осыған байланысты | - в связи с этим |
| - денсаулық жағдайына байланысты | - в связи с состоянием здоровья |
| - қалыптасқан жағдайға байланысты | - в связи со сложившимися условиями |
| - басқа жұмысқа ауысуыма байланысты өтініш | - заявление в связи с переходом на другую работу |
| - денсаулығыма байланысты өтініш | - заявление по состоянию здоровья |
| - отбасы жағдайыма байланысты өтініш | - заявление по семейным обстоятельствам |
| - рұқсат етуіңізді сұраймын | - прошу (Вашего) разрешения |
| - материалдық көмек беруіңізді сұраймын | - прошу оказать материальную помощь |
| - жұмыстан босатуыңызды сұраймын | - прошу освободить от работы |
| - кезектен тыс демалыс беруіңізді сұраймын | - прошу предоставить внеочередной отпуск |
| - кезекті демалыс беруіңізді сұраймын | - прошу предоставить очередной отпуск |
| - жұмысқа қабылдауыңызды сұраймын | - прошу принять на работу |
| - Олар өтінішті қарастырды. | - Они рассмотрели заявление. |
| - Біз ұсынысты қарастырамыз. | - Мы рассмотрим предложение. |
| - Ол өтініш тапсырды. | - Он подал заявление. |
| - Мен өтініш беруім керек. | - Мне нужно подать заявление. |



- Мен қажетті ақпаратты сұрадым.
- Мен құжаттарды рәсімдеймін.
- Ол барлық қажетті құжаттарды рәсімдеді.
- Өтінішті қарастыруды сұраймын.
- Өтініште барлық мәліметтерді нақты көрсетіңіз.
- Құжаттарды өтінішпен бірге жіберіңіз.
- Өтінішке қол қоюды сұраймын.
- Өтінішті рәсімдеу қажет.
- Өтінішпен бірге құжаттарды ұсыну керек.
- Өтінішке қосымша құжаттарды қоса жіберуді сұраймын.
- Өтініште барлық қажетті ақпараттарды көрсетуді сұраймын.
- Өтінішпен бірге барлық қажетті құжаттарды ұсынуды сұраймын.
- Өтінішке қатысты барлық сұрақтарды шешуді сұраймын.
- Өтінішті қарастыру үшін қосымша мәліметтер беру қажет.
- Мен сізге жұмысқа қабылдау туралы өтініш жазып отырмын.
- Мен шәкіртақы алу үшін өтініш білдіріп отырмын.
- Біз сіздермен ынтымақтастық туралы келісім жасауға өтініш білдіреміз.
- Я запросил необходимую информацию.
- Я оформлю документы.
- Он оформил все необходимые документы.
- Прошу рассмотреть заявление.
- Укажите, все данные в заявлении.
- Отправьте документы с заявлением.
- Я прошу подписать заявление.
- Необходимо оформить заявление.
- Необходимо приложить документы к заявлению.
- Прошу приложить дополнительные документы к заявлению.
- Прошу указать всю необходимую информацию в заявлении.
- Прошу предоставить все необходимые документы к заявлению.
- Прошу решения всех вопросов касательно заявления.
- Необходимо предоставить дополнительные данные для рассмотрения заявления.
- Я пишу вам заявление о приёме на работу.
- Я подаю заявление на назначение стипендии.
- Мы обращаемся с просьбой заключить соглашение о сотрудничестве.



- Иссапарға шығу туралы өтінішіме назар аударуыңызды сұраймын.

- Жаңа жобаны бастауға рұқсат беруіңізді сұраймын.

- Демалысқа шығуыма рұқсат беруіңізді сұраймын.

- Өтінішке қосымша ақпаратты қоса жолдаймын.

- Өтінішті қарау кезінде қосымша құжаттар сұралуы мүмкін.

- Өтініште мақсат нақты көрсетілуі керек.

- Өтініште көрсетілген мәселеге нақты жауап алуым керек.

- Өтінішпен барлық қажетті құжаттарды қоса ұсынуыңызды сұраймын.

- Өтініште барлық жағдайларды толық әрі дұрыс сипаттау қажет.

- Өтініштен барлық қажетті мәліметтерді алуға болады.

- Өтінішпен бірге ұсынылған барлық мәліметтер тиісті құжаттарға сәйкес болуы керек.

- Ресми өтінішті барлық қажетті құжаттармен бірге тапсыру қажет.

- Барлық мәліметтер тексерілгеннен кейін жеке өтінішті басқармаға тапсыру қажет.

- Прошу вас обратить внимание на мое заявление о командировке.

- Прошу Вас дать разрешение на запуск нового проекта.

- Прошу разрешить мне выйти в отпуск.

- К заявлению прилагаю дополнительную информацию.

- Во время рассмотрения заявления могут быть запрошены дополнительные документы.

- В заявлении необходимо четко указать цель.

- Мне необходимо получить конкретный ответ на вопрос, указанный в заявлении.

- Прошу предоставить все необходимые документы вместе с заявлением.

- В заявлении необходимо подробно и правильно описать все обстоятельства.

- Можно извлечь/получить всю необходимую информацию из заявления.

- Все сведения, представленные вместе с заявлением, должны быть согласованы с соответствующими документами.

- Официальное заявление нужно подать вместе со всеми необходимыми документами.

- После проверки всех данных, личное заявление нужно передать в управление.



- Ол шағымға қатысты өтінішін растайтын барлық құжаттарды тіркеді.

- Банкроттық туралы өтініш қарастырылғаннан кейін, біз қажетті шешім қабылдаймыз.

- Иссапарға жіберу туралы өтініш жазу үшін сізге бірінші кезекте іссапардың мақсаты мен мерзімін анықтау қажет.

- Еңбек демалысы туралы өтініш алдын ала жазылып, жұмыс берушіге берілуі керек.

- Тағылымдамадан өту үшін университетке өтініш жазып, барлық талаптарды орындау қажет.

- Төлем туралы өтінішті рәсімдеген кезде барлық төлем құжаттарын қоса тіркеу керек.

- Несие алу туралы өтінішті банкке тапсырғаннан кейін олар қажетті тексерулер жүргізеді.

- Қызмет көрсетуге өтініш бергеннен кейін өтінімді қарау шамамен бір аптаға созылуы мүмкін.

- Атаулы көмек алу туралы өтініш беру үшін барлық қажетті құжаттарды қоса беріңіз.

- Басқа жұмысқа ауысуына байланысты басшылыққа өтініш жазды.

- Отбасы жағдайына байланысты ол демалысқа шығуға өтініш берді.

- Ол зейнеткерлікке шығуына байланысты өтініш жазды.

- Денсаулық жағдайына байланысты ол жұмысқа келмеді.

- Он зарегистрировал все документы, подтверждающие его заявление в отношении жалобы.

- После рассмотрения заявления о банкротстве мы принимаем необходимое решение.

- Чтобы написать заявление о командировке, первое, что вам нужно сделать, это определить цель и срок командировки.

- Заявление об отпуске необходимо написать заранее и передать работодателю.

- Для прохождения стажировки необходимо написать заявление в университет и выполнить все требования.

- При оформлении платежного заявления необходимо приложить все платежные документы.

- После подачи заявления на получение кредита в банк, они проводят необходимые проверки.

- После подачи заявки на обслуживание рассмотрение заявки может занять около недели.

- Приложите все необходимые документы для подачи заявления на получение адресной помощи.

- Он написал заявление руководству в связи с переходом на другую работу.

- Он подал заявление на отпуск, по семейным обстоятельствам.

- Он написал заявление в связи с выходом на пенсию.

- Он не вышел на работу по состоянию здоровья.



- Бұл жағдайда сізге қосымша ақпарат қажет болуы мүмкін.

- Ол қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерген, қазір халықаралық компанияда жұмыс істейді.

- Жұмыс кестесі барлық талаптарға сәйкес бекітілген және уақытында орындалуы тиіс.

- Басқа жұмысқа ауысу туралы өтініш жазып, оны басшылыққа тапсырдым.

- Денсаулық жағдайыма байланысты өтініш жазып, демалыс сұрадым.

- Отбасылық жағдайыма байланысты жобаны уақытша тоқтатуды сұрап, өтініш жаздым.

- Ол бұрынғы жұмысына қайта қабылдану туралы өтініш жазды.

- Кәсіпорынның таратылуына байланысты қызметкерлерді жұмыстан шығару туралы шешім қабылданды.

- Өз өтініші бойынша қызметтен босатылсын.

- Ол қызметінен босатылды.

- Қызметкерді атқаратын лауазымынан босату туралы шешім қабылданды.

- Отбасылық жағдайыма байланысты материалдық көмек көрсетуіңізді сұраймын.

- В этом случае вам может понадобиться дополнительная информация.

- Он свободно владеет казахским, русским и английским языками и сейчас работает в международной компании.

- Рабочее расписание утверждено в соответствии со всеми требованиями и должно выполняться в срок.

- Я написал заявление о переводе на другую работу и подал его руководству.

- В связи с состоянием здоровья я написала заявление и попросила отпуск.

- Я написал заявление с просьбой временно приостановить проект в связи с семейным положением.

- Он написал заявление о восстановлении на прежнюю работу.

- Принято решение об увольнении работников в связи с ликвидацией предприятия.

- Уволить по собственному желанию.

- Он был уволен.

- Принято решение об освобождении работника от занимаемой должности.

- Прошу оказать материальную помощь в связи с семейным положением.



- Денсаулығыма байланысты атқаратын лауазымымнан босатуыңызды сұраймын.

- Отбасы жағдайыма байланысты кезектен тыс демалыс беруіңізді сұраймын.

- Жұмыс істеген кездерімді есептей келе кезекті демалыс беруіңізді сұраймын.

- Мені компанияңызға жұмысқа қабылдауыңызды сұраймын.

- Барлық тапсырмаларды мерзімінде орындап шығуға тырысамын.

- Бұл жоспарды іске асыру үшін барлық қажетті ресурстар бар.

- Біз келесі айда жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыруды бастаймыз.

- Басшы өз құзыреті шегінде барлық тапсырмаларды іске асырады.

- Іс-әрекетті тиімді жүзеге асыру үшін нақты жоспар құруымыз қажет.

- Менің бір өтінішім бар еді.

- Қандай өтінішің бар?

- Дәрігерлер мені ұзақ уақыт емдеуге жіберді, сол себепті мен жұмысты жалғастыра алмаймын.

- Өкінішті. Әрине, мен сені жақсы түсінемін. Өтініш жаздың ба? Қажетті құжаттар дайын ба?

- Иә, мен барлық құжаттарды жинап, өтінішпен бірге өткіздім.

- Прошу Вас освободить меня от занимаемой должности по состоянию здоровья.

- Я прошу вас предоставить мне внеочередной отпуск по семейным обстоятельствам.

- Прошу предоставить мне очередной отпуск, учитывая отработанное мной время.

- Я прошу вас принять меня на работу в вашу компанию.

- Я постараюсь выполнить все задания в срок.

- Для реализации этого плана есть все необходимые ресурсы.

- Мы начнем реализацию запланированных мероприятий в следующем месяце.

- Руководитель реализует все задачи в рамках своей компетенции.

- Для реализации действия нам нужно составить конкретный план.

- У меня есть одна просьба.

- Какая у тебя просьба?

- Врачи направили меня на длительное лечение, поэтому я не могу продолжать работать.

- Очень жаль. Конечно, я тебя хорошо понимаю. Ты уже написала заявление? Все необходимые документы готовы?

- Да, я собрала все документы и подал их вместе с заявлением.



- Дұрыс. Дегенмен өтінішіңізді қарау кезінде барлық құжаттарыңыз бен медициналық анықтамаларыңыз мұқият тексеріледі. Өтінішке барлық талаптар орындалғаннан кейін ғана қол қойылады.

- Түсінікті.

- Өтінішіңіз қабылданды. Барлық құжаттар тексерілгеннен кейін жұмыстан босату туралы шешім қабылданады.

- Рақмет! Бұл мен үшін өте маңызды. Сізбен жұмыс істегеніме шын жүректен ризамын. Сауыққаннан кейін жұмысымды жалғастырамын деп үміттенемін.

- Біз сізді әрдайым күтеміз. Денсаулығыңызды қалпына келтіріп, сауығып кеткен соң қайта оралатыныңызға сенімдімін.

Совершенно верно. Однако при рассмотрении вашего заявления все ваши документы и медицинские справки будут тщательно проверены. Заявление будет подписано только после выполнения всех требований.

- Понятно.

- Ваше заявление принято. После проверки всех документов будет принято решение об увольнении.

- Спасибо! Это очень важно для меня. Я искренне благодарен(на) за возможность работать с вами. Надеюсь возобновить работу после выздоровления.

- Мы всегда вас ждём. Уверен(а), что вы восстановите здоровье и обязательно вернётесь.

Т т

Тауар

Товар

(-лар – көптік жалғау/ множественное число)

~ азық-түлік

~ продукты

~ киім-кешек

~ одежда

~ электроника

~ электроника

~ жиһаз

~ мебель

~ тұрмыстық техника

~ бытовая техника

~ құралдар мен жабдықтар

~ инструменты и оборудование

~ опа-далап

~ косметика

~ дәрі-дәрмек

~ лекарства

~ ойыншықтар

~ игрушки

~ үй заттары

~ товары для дома



